



Суреттерді түсірген Аиықра ДҮЙСЕНБЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
Әділеттілік – мемлекеттік саясаттың өзегі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесті. Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, дипломатиялық корпуспен кездесу екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған игі дәстүр екенін атап өтті.

Президент Қазақстанда тіркелген дипломатиялық миссиялар және халықаралық ұйымдардың басшыларына елімізде түрлі салада ауқымды реформалар жүргізіліп жатқанын айтты. Сондай-ақ адам құқықтарын қорғау мәселелеріне, соның ішінде өлім жазасын жоюға, конституциялық түзетулерді қабылдауға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің рөлі мен мәртебесін арттыруға ерекше назар аударды.

– Өз саясатымызда «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» деген постулатты берік ұстанамыз. Сондықтан азаматтық қоғамның рөлін арттыруға, түрлі қоғамдық күштерді біріктіруге, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыруға маңызды іс-шаралар қабылданып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

(Соңы 2-бетте)

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГЕРГЕНГЕ ИГІЛІК

Мақсат – шетел инвестициясын жүйелі тарту

Қазақстан соңғы бес жылда жыл сайын шамамен 20 млрд доллардан астам шетелдік инвестиция тартқан. Бұл – Ұлттық банк ұсынған ресми дерек. Ендігі міндет – осы көрсеткішті 25 млрд долларға жеткізу. Үкімет 2026 жылға қарай аталған межені бағындыруды жоспарлап отыр. Шетел инвесторларының берекелі елге үйір екенін ескерсек, тұрақты қалпынан танбаған Қазақстан үшін бұл межені бағындыруға мүмкіндік мол.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жоғарыда айтқанымыздай, соңғы бес жылдағы көрсеткіш көп-көрім. Тек 2020 жылы ғана COVID-19 пандемиясына байланысты инвестиция ағыны төмендепті. Яғни 17,2 млрд долларды құраған. Мұндай жағдай жалпы әлем бойынша қалыптасқанын ескерсек, дүрлігерлік ештеңе жоқ. Естеріңізде болса, 2020 жылы әлемдегі инвестиция ағыны 35 пайызға, ал Қазақстанда 29,8 пайызға қысқарған болатын. Дегенмен 2021 жылы Қазақстан жағдайды жедел түзеп алды. Былтыр тікелей шетелдік инвестицияның жалпы ағынының 23,8 млрд долларды құрауы соған дәлел. Бұл 2020 жылымен салыстырғанда 38,9 пайызға жоғары. Негізі соңғы бес жылдағы ең жоғары көрсеткіш 2019 жылы тіркелген екен – 24,4 млрд доллар.

(Соңы 8-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Ауыр сөмкенің жыры

Қазіргі кезде оқушыларға қатысты талқыланып жүрген мәселелер аз емес. Ата-аналардың біразы ауыр сөмке баланы ауруға шалдықтырады десе, енді бірі үй тапсырмасын үйіп-төгіп, мектептен тыс уақытта оқушының миын ашытудың еш қажеті жоқ деп санайды. Яғни бала сабағын тек мектепте оқып, үйдегі бос уақытында үйірмелерге қатысып, денсаулыққа көңіл бөліп, бір мезгіл ойынға да уақыт табуы керек деп есептейді.

Уәлихан ЖАЙЛАУ,
«Egemen Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мектеп оқушыларының сөмкесі тым ауыр екенін айтып, мәселені цифрландыру арқылы шешуді ұсынған-ды. «Балалар оқулыққа толы ауыр сөмке тасуға мәжбүр деген шағымдар көптеп түседі. Бұл балалардың денсаулығына кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан оқу материалдарын цифрлы форматқа

Алтынкүрек алты заң



Президент биыл маусым айында өткен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумнан кейін қабылданған бірқатар маңызды заңға жария түрде қол қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев референдум нәтижесінде билік тармақтары арасындағы байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруға, мемлекет басқару ісіне азаматтардың қатысуына жол ашуға мүмкіндік туғанын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайғанын айтты.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы 1-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді. (Жалғасы 17-бетте)	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайын және қызметін ұйымдастыруды айқындайды. 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеттері (Жалғасы 20-бетте)	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ Прокуратура туралы Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасы прокуратурасының құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды. 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1-бап. Прокуратураның мақсаты Прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. (Жалғасы 21-бетте)
--	--	--

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1-бап. Қазақстан Республикасының мына конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: 1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына: (Жалғасы 24-бетте)	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: 1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім): (Жалғасы 28-бетте)	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: 1) 1-баптың үшінші бөлігіндегі «Кенесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын; 2) 8-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы «Кенесіне», «Кенестің» деген сөздер тиісінше «Сотына», «Соттың» деген сөздермен ауыстырылсын; (Жалғасы 32-бетте)
---	---	--



(Соңы 10-бетте)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Конституциялық заңды басшылыққа алады, соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады.

2-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот туралы заңнамасы

1. Конституциялық Соттың мәртебесі, құзыреті, ұйымдастырылуы және қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда айқындалады және реттеледі.

2. Өз қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі мәселелері бойынша Конституциялық Сот осы Конституциялық заң негізінде конституциялық Соттың регламентін және өзге де актілерді қабылдайды.

3-бап. Конституциялық Соттың құрамы және оны құру тәртібі

1. Конституциялық Сот Төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен тағайындайды.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың төрт судьясын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының ұсынуымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

2-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТ СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӨРТЕБЕСІ

4-бап. Конституциялық Соттың Төрағасы, Төрағасының орынбасары және судьялары

1. Конституциялық Соттың Төрағасы, Төрағасының орынбасары және судьялары жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар болып табылады, олардың мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда айқындалады.

2. Конституциялық Сот судьясының лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін лауазымдармен айналысумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьялары саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемуге тиіс.

Егер Конституциялық Соттың судьясы лауазымға тағайындалған кезінде саяси партияда, кәсіптік одақтарда болса, тағайындалған күнінен бастап он күн ішінде олардағы өз мүшелігін тоқтатуға тиіс.

5-бап. Конституциялық Сот судьясына кандидаттарға қойылатын талаптар

Конституциялық Соттың құрамына қырық жасқа толған, жоғары заң білімі, құқық саласында жоғары біліктілігі, мінсіз беделі және заң кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

6-бап. Конституциялық Сот судьяларының өкілеттік мерзімі

1. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларының өкілеттігі сегіз жылға созылады. Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды.

2. Өз өкілеттігін тоқтатылған жағдайда Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьялары Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен ауыстырылады.

7-бап. Конституциялық Сот судьяларының анты

Конституциялық Соттың судьялары өздері тағайындалғаннан кейін мынадай мазмұнда ант береді: «Өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы мәртебелі міндетін адал әрі әділ атқаруға, турашыл болуға және өз қызметімде Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана бағынуға, оның үстемдігін қамтамасыз етуге салтанатты түрде ант етемін.».

Конституциялық Сот судьяларының анты Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен қабылданады.

8-бап. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігін тоқтата тұру

1. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігі, егер: 1) судья денсаулық жағдайы бойынша қатарынан күнтізбелік алпыс күннен астам уақыт өз міндеттерін орындауға уақытша жарамсыз болған;

2) заңда белгіленген тәртіппен оны ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім берілген;

3) хабарсыз кетудің басталғаны туралы расталған деректер болған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Конституциялық Сот Төрағасының, ал Конституциялық Соттың Төрағасы Конституциялық Соттың өзге де судьяларының өкілеттігін тоқтата тұруды немесе қайта бастауды жүзеге асырады. Өкілеттіктерді тоқтата тұру туралы шешім өкілеттіктерді тоқтата тұруға негіздер анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қабылданады.

3. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігі оны тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар тоқтатылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

4. Өкілеттігі тоқтатыла тұрған Конституциялық Сот судьясы Конституциялық Соттың отырыстарына қатысуға және Конституциялық Сот судьясының өзге де міндеттерін орындауға құқылы емес.

Қворумды айқындау кезінде өкілеттіктері тоқтатыла тұрған судьялар есепке алынбайды.

5. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігін тоқтата тұру оны осы Конституциялық заңда белгіленген кепілдіктерінен айырмайды.

9-бап. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігін тоқтату

1. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігі:

1) лауазымынан өз еркі бойынша босату туралы өтініштің берілуі;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату немесе тұруға ықтиярхат не шет мемлекеттің аумағында тұрақты тұру құқығын растайтын өзге де құжатты алу;

3) оған қатысты соттың айыптау үкімінң заңды күшіне енуі;

4) соттың заңды күшіне енген шешімімен оның әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

5) соттың заңды күшіне енген шешімімен оның хабарсыз кетті деп танылуы;

6) оның қайтыс болуы немесе соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жариялануы;

7) Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген талаптар бұзыла отырып тағайындалуы;

8) Конституциялық Сот судьяларына белгіленген Қазақстан Республикасының Конституциясы мен осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуы;

9) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің аяқталуы;

10) судьяның Конституциялық Соттың отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан кемінде үш рет қатыспауы салдарынан тоқтатылады.

2. Конституциялық Сот Төрағасының өкілеттігін тоқтатуды Қазақстан Республикасының Президенті осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

3. Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігін тоқтатуды тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі осы баптың 1-тармағының 1), 2), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

4. Конституциялық Сот судьясының өкілеттігін тоқтатуды Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

5. Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын лауазымынан босату оның Конституциялық Соттың судьясы ретіндегі өкілеттігін тоқтатуға алып келмейді.

3-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТ СУДЬЯЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

10-бап. Конституциялық Сот судьяларының тәуелсіздігі

1. Конституциялық Соттың судьялары өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға ғана бағынады. Олардың қызметіне қандай да бір нысанда қысым жасауға немесе өзге де ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді.

2. Конституциялық Соттың судьялары конституциялық іс жүргізу мәселелері бойынша есеп бермейді. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкім құқылы емес.

3. Конституциялық Соттың судьяларына, Конституциялық Соттың отырысынан басқа кезде, Конституциялық Соттың қарауының нысанасы болып табылатын мәселелер бойынша пікір білдіруге немесе материалдар мазмұнын жария етуге тыйым салынады.

4. Конституциялық Соттың судьялары өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігі осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда ғана тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

5. Конституциялық Соттың судьясы, егер Конституциялық Соттың қарауындағы мәселеге Конституциялық Сот судьясы жеке, тікелей немесе жанана түрде мүдделі деп есептеуге негіз беретін мән-жайлар болған жағдайда бас тартатынын мәлімдеуге міндетті, мұны Конституциялық Сот қанағаттандыруы тиіс.

6. Конституциялық Соттың судьясы, сотта немесе өзге де мемлекеттік органдарда заңды өкілдіктен басқа, қорғауды немесе өкілдікті жүзеге асыруға құқылы емес.

11-бап. Конституциялық Сот судьяларына ешкімнің тиіспеушілігі

1. Қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, Конституциялық Соттың судьяларын өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірінші тізілімінде тіркелгеннен кейін Конституциялық Соттың судьясына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісуімен ғана жалғастырылуы мүмкін, ол Қазақстан Республикасының Парламентіне Конституциялық Сот судьясын қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы ұсыну енгізеді. Конституциялық Соттың судьясы қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ оған бір тәулік ішінде міндетті түрде хабарлай отырып жалғасуы мүмкін. Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.

3. Конституциялық Соттың судьялары тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды.

4. Конституциялық Сот судьясын, егер осы Конституциялық заңға сәйкес оның өкілеттігі тоқтатыла тұрмаса, Конституциялық Соттың отырысына қатысудан шеттетеуге ешкім құқылы емес.

5. Конституциялық Соттың судьясын, оның ішінде оның өкілеттігі тоқталығаннан кейін, істі Конституциялық Сотта қарау кезінде өзі білдірген позициясы үшін жауаптылыққа тартуға болмайды.

12-бап. Конституциялық Сот судьялары құқықтарының теңдігі

Конституциялық Соттың судьялары Конституциялық Соттың іс жүргізуіндегі істерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау кезінде, осы Конституциялық заңның 58-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тең құқықтарға ие болады.

13-бап. Конституциялық Сот судьяларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Конституциялық Соттың судьялары, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олардың мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

Егер судьядан тиісті жолданым келіп түссе, ішкі істер органдары Конституциялық Соттың судьясы мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және түпкілікті шаралар қолдануға міндетті.

Конституциялық Соттың судьясына және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

14-бап. Конституциялық Соттың судьяларын материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету

1. Конституциялық Соттың Төрағасына, Төрағасының орынбасарына және судьяларына жалақы Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында көзделген тәртіппен белгіленеді.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын тұрғын үймен, көлікпен және өзге де қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету және санаториялық-курорттық емдеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары деңгейінде, Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын – Премьер-Министр орынбасарының деңгейінде, Конституциялық Соттың судьяларын – министр деңгейінде жүзеге асырылады.

3. Конституциялық Соттың судьяларына сауықтыруға екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын жыл сайынғы демалыс беріледі.

4. Егер Конституциялық Соттың судьясы мен оның отбасы мүшелері басқа жерде тұрып жатқан болса, Конституциялық Соттың судьясы мен оның отбасы мүшелеріне қолшы бойынша шығыстары өтеледі.

5. Конституциялық Соттың орналасқан жерінде тұрғын үй болмаған жағдайда Конституциялық Соттың судьяларын тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Конституциялық Соттың судьясы мен оның отбасы мүшелеріне кезектен тыс тәртіппен, бірақ лауазымға тағайындалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей, Конституциялық Соттың судьясын тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж азаматтар санатына жатқызуды болғызбайтын нормалар бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан жайлы тұрғын үй-жай беріледі. Конституциялық Соттың судьясы тұрақты тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жай тұрғын үйі болмаған жағдайда оның қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекешелендірілуі мүмкін.

6. Конституциялық Соттың судьялары республикалық бюджет қаражаты есебінен мантиямен және төсбелгімен қамтамасыз етіледі.

7. Конституциялық Соттың судьялары және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

8. Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген лауазымға болу мерзімінің аяқталуына байланысты өкілеттігі тоқтатылған, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған Конституциялық Соттың судьясына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз жиырма еселенген мөлшерінде салық салынбайтын ай сайынғы өмір бойғы қамтылым төленеді. Бұл ретте Конституциялық Соттың судьясы өз қалауы бойынша мынадай төлемдердің бірін алуға құқылы:

1) ай сайынғы өмір бойғы қамтылым;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері.

Конституциялық Соттың судьясына ай сайынғы өмір бойғы қамтылымды төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

9. Конституциялық Соттың судьясына ай сайынғы өмір бойғы қамтылымды төлеу, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысумен байланысты лауазымды қоспағанда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазыммен айналысқан жағдайда тоқтатыла тұрады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазыммен айналысу тоқтатылған жағдайда, Конституциялық Соттың судьясына ай сайынғы өмір бойғы қамтылым төлеу қайта басталады.

15-бап. Конституциялық Соттың судьясы мертіккен немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақылар

1. Конституциялық Соттың судьясы өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жарақат алған, жараланған, контузия алған, кәсіптік ауруға шалдыққан) кезде оған осы бапта белгіленген мөлшерде біржолғы өтемақы төлеу жүргізіледі.

2. Конституциялық Соттың судьясы қызметтік міндеттерін атқару кезінде не Конституциялық Сот судьясының өкілеттігі тоқталығаннан кейін қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузиясы, кәсіптік ауруы) салдарынан бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда мұрагерлеріне Конституциялық Сот судьясының отыз айлық лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Бұл ретте Конституциялық Соттың судьясы, егер оның өкілеттігі өзіне қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты тоқтатылған болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өтемақы алу құқығынан айырылады.

3. Конституциялық Соттың судьясына қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузиясы, кәсіптік ауруы) салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде оған біржолғы өтемақы:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – жиырма айлық лауазымдық айлықақы;

2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – он бес айлық лауазымдық айлықақы;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – бес айлық лауазымдық айлықақы мөлшерлерінде төленеді.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектігі белгілеуге алып келмеген ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіптік ауруға шалдыққан) жағдайда – оған бір жарым айлық лауазымдық айлықақысы, жеңіл мертіккен жағдайда жарты айлық лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

5. Конституциялық Соттың қайтыс болған немесе қаза тапқан судьяларын және Конституциялық Соттың судьясы лауазымынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін олар қайтыс болған кездегі Конституциялық Сот судьясының үш айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

6. Біржолғы өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Егер Конституциялық Сот судьясының мертігуі (жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы, кәсіптік ауруға шалдығуы) немесе қаза табуы (қайтыс болуы) қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес мән-жайлардан болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

16-бап. Конституциялық Соттың судьяларын зейнетке қамсыздандыру

Конституциялық Соттың судьяларын зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетке қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

4-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

17-бап. Конституциялық Соттың қызметін қаржыландыру

Конституциялық Соттың және оның Аппаратының қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді толық және тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

18-бап. Конституциялық Соттың Аппараты

Конституциялық Соттың Аппараты Конституциялық

Соттың қызметін құқықтық, ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-консультативтік және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Конституциялық Соттың Аппараты мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Конституциялық Сот Аппаратының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Конституциялық Соттың Регламентімен және Конституциялық Соттың Аппараты туралы ережемен реттеледі.

Конституциялық Сот Аппаратының қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

Конституциялық Сот Аппараты қызметкерлерінің құқықтық жағдайы және олардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен реттеледі.

19-бап. Конституциялық Соттың талдаушысы

1. Конституциялық Соттың талдаушысы конституциялық іс жүргізуді құқықтық және ғылыми-талдамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін және Конституциялық Сотқа келіп түсетін жолданымдардың тиісінше қаралуына жәрдем ететін мемлекеттік қызметші болып табылады.

2. Конституциялық Соттың талдаушысы:

1) Конституциялық Соттың судьясы-баяндамашымен өзара іс-қимыл жасай отырып, Конституциялық Соттың отырысына материалдарды дайындау жөнінде шаралар қолданады;

2) жолданым бойынша сарапшыларды (мамандарды) тарту, мүдделі адамдарға сауал қою және өзге де әрекеттерді жүргізу туралы процесстік құжаттардың жобаларын дайындайды;

3) Конституциялық Соттың судьялары үшін баяндама дайындай отырып, конституциялық іс жүргізу материалдарына талдау жасайды және жинақтап қорытады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды орындайды.

20-бап. Конституциялық Сот жанындағы ғылыми-консультативтік кеңес

1. Конституциялық Соттың жанынан консультативтік кеңесші орган болып табылатын ғылыми-консультативтік кеңес құрылуы мүмкін.

2. Ғылыми-консультативтік кеңестің құрамы, міндеттері мен қызмет тәртібі Конституциялық Сот бекітетін ережеде айқындалады.

21-бап. Конституциялық Соттың халықаралық ынтымақтастығы

Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықаралық және өңірлік құқық қорғау ұйымдарымен, сондай-ақ шетелдердің конституциялық бақылау органдарымен ынтымақтастық жасайды, олар құратын қауымдастықтардың және өзге де бірлестіктердің мүшесі бола алады. Өзара іс-қимыл жасаудың нысанасы мен тетігін айқындау үшін ынтымақтастық туралы келісімдер (меморандумдар) жасалуы мүмкін.

22-бап. Конституциялық Сот судьяларының куәлiктерi, төсбелгi мен мантиясы, сондай-ақ Конституциялық Соттың ресми басылымы және өзге де ресурстары

1. Конституциялық Соттың судьяларына Қазақстан Республикасының Президенті қол қоятын белгіленген үлгідегі куәліктер, сондай-ақ төсбелгі мен мантия беріледі.

2. Төсбелгі мен мантия туралы ережені, олардың ү

**(Жалғасы. Басы 1, 17-беттерде)**

5. Конституциялық Сот тек қана құқық мәселелерін шешеді және жүгінуге себеп болған нақты мән-жайларға баға бермейді.

24-бап. Конституциялық Соттың өзге де өкілеттіктері Конституциялық Сот:

1) құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдардан, ұйымдардан құжаттарды, материалдар мен өзге де акпаратты сұратуға және алуға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен сарапшыларды (мамандарды) сараптамалық және ғылыми-консультациялық жұмысқа тартуға құқылы (егер Конституциялық Сот өзге мерзімді көрсетпесе, мұндай сұрау салулар бойынша қажетті құжаттар мен өзге де акпарат он бес жұмыс күні ішінде берілуіге тиіс);

2) осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

25-бап. Конституциялық Соттың отырыстары

1. Конституциялық Сот өз өкілеттігіне кіретін мәселелерді Конституциялық Соттың отырыстарында қарайды және шешеді.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Конституциялық Соттың отырысы, егер оған Конституциялық Сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болады.

3. Азаматтардың жолданымдарын отырыста қарауды Конституциялық Соттың бес судьясынан Конституциялық Сот қалыптастыратын судьялар құрамы жүзеге асыруы мүмкін. Бұл ретте Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары бірауыздан ғана қабылдануы мүмкін.

Конституциялық Сот судьяларының құрамы қабылдаған Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Конституциялық Соттың Төрағасы оларға қол койғанға дейін дауыс беруге қатысқан Конституциялық Сот судьяларының қолтаңбаларымен алдын ала бекемделеді.

4. Егер судьялар құрамының шешімі қабылданбаса, сондай-ақ азаматтың жолданымы бойынша судьялар құрамының шешімі бұрын қабылданған шешімдерде білдірілген құқықтық позицияларда алшақтықтарға алып келуі мүмкін не маңызды мәні бар тұжырымдамалық мәселелерді қозғайтын жағдайда, Конституциялық Соттың Төрағасы осы баптың 2-тармағының талабы ескеріле отырып откізілетін Конституциялық Соттың отырысына осы жолданымды енгізеді.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3, 4 және 5-тармақтарында аталған субъектілердің жолданымдарын конституциялық іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені отырыста қарауды Конституциялық Сот Төрағасының, оның орынбасарының не Конституциялық Сот Төрағасының тапсырмасы бойынша судьялардың бірінің төрағалық етуімен Конституциялық Соттың үш судьясы жүзеге асыруы мүмкін.

6. Конституциялық Соттың отырыстарын қажеттілігіне қарай Конституциялық Соттың Төрағасы шақырады.

26-бап. Конституциялық Соттың кеңестері

Конституциялық Соттың кеңестері конституциялық іс жүргізуді жүзеге асырумен тікелей байланысты емес және Конституциялық Соттың отырыстарында шешілетін мәселелерге жатпайтын мәселелер бойынша өткізілуі мүмкін.

27-бап. Конституциялық Сот Төрағасының өкілеттіктері

1. Конституциялық Соттың Төрағасы:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың органдарымен қатынастарда Конституциялық Сот атынан өкілдік етеді;

2) Конституциялық Сот іс жүргізуге қабылдаған мәселелерді қарауға дайындауды басқарады;

3) Конституциялық Соттың отырыстары мен кеңестерін шақырады, оларға төрағалық етеді, олардың қарауына мәселелер енгізеді;

4) Конституциялық Сот судьяларының жұмысын ұйымдастырады;

5) отырыстар өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Соттың жолдауын жария етеді;

7) шешімдерге, сондай-ақ өзі төрағалық еткен Конституциялық Сот отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

8) Конституциялық Соттың бекітуіне оның Регламентін, Конституциялық Сот жанындағы ғылыми-консультативтік кеңес туралы ережені, ғылыми-консультативтік кеңестің хатшысы мен мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

9) Конституциялық Соттың Аппараты туралы ережені, бөлінген бюджет қаражаты шегінде – Конституциялық Сот Аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

10) Конституциялық Сот Аппаратының басшысын және оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

11) осы Конституциялық заңға және Конституциялық Соттың Регламентіне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Конституциялық Соттың Төрағасы өз құзыретінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

3. Конституциялық Соттың Төрағасы уақытша болмаған жағдайларда оның міндеттерін – Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары, ал Төрағаның орынбасары уақытша болмаған жағдайда Конституциялық Сот Төрағасының бұйрығымен айқындалатын Конституциялық Сот судьяларының бірі атқарады.

28-бап. Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары Конституциялық Соттың отырыстарын ұйымдастыру, оларға хаттама жасау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, сондай-ақ Конституциялық Соттың Төрағасы өзіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

2-бөлім. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ**6-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ**

29-бап. Конституциялық іс жүргізу және оны жүзеге асыру форматы

1. Конституциялық Соттың құзыретіне жататын мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Конституциялық заңда және Конституциялық Соттың регламентінде белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Конституциялық іс жүргізу қағаз және (немесе) электрондық форматтарда жүргізіледі.

30-бап. Конституциялық іс жүргізудің электрондық форматтың ерекшеліктері

1. Конституциялық іс жүргізу толық немесе ішінара электрондық форматта жүзеге асырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Мұндай формат кезінде Конституциялық Соттың актілері мен оның лауазымды адамдарының, конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың және жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалардың әрекеттері электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделуі мүмкін.

2. Конституциялық іс жүргізу электрондық форматта жүргізілген кезде оның материалдары электрондық істе қалыптастырылады.

3. Конституциялық Соттың бастамасы бойынша конституциялық іс жүргізуге қатысушылар, жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалар, олардың өкілдері және өзге де адамдар техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы Конституциялық Соттың отырысына қатыса алады.

4. Конституциялық іс жүргізу барысында техникалық құралдар мен ақпараттық сервистерді қолдану тәртібі осы Конституциялық заңның, Конституциялық

Сот регламентінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып айқындалады.

31-бап. Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігі

Конституциялық іс жүргізу Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігі қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

32-бап. Жолданымның мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу

Конституциялық Сот жолданымның мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға міндетті.

33-бап. Алқалылық

Конституциялық Соттың өкілеттіктерін жүзеге асыру алқалы түрде жүргізіледі.

34-бап. Жариялылық

Жолданымдарды Конституциялық Сотта қарау ашық болып табылады. Жабық отырысқа мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүддесінде Конституциялық Соттың қаулысымен жол беріледі.

35-бап. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың тең құқықтылығы

Конституциялық іс жүргізу қатысушыларының тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады, олар өз позициясын қорғау бойынша тең құқықтар мен мүмкіндіктерді пайдаланады.

36-бап. Конституциялық іс жүргізу тілі

1. Конституциялық іс жүргізу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

2. Конституциялық іс жүргізу тілін меңгермеген конституциялық іс жүргізуге қатысушы адамдар Конституциялық Сот олардың ана тілінде немесе олар меңгерген тілде аударманы қамтамасыз етеді.

3. Конституциялық іс жүргізу тілін меңгермеген отырысқа қатысушылар ана тілінде немесе өздері меңгерген тілде түсініктер бере алады және аудармашының, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін пайдалана алады.

37-бап. Конституциялық іс жүргізуді тоқтата тұру

1. Конституциялық іс жүргізу жолданым бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекетіне байланысты және өзге де жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін. Бұл ретте жолданымды қарау мерзімі де тоқтатыла тұрады.

2. Іс бойынша конституциялық іс жүргізу оны тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар тоқтатылған кезде қайта басталады.

38-бап. Конституциялық іс жүргізуді тоқтату

1. Конституциялық іс жүргізу кез келген сатыда, бірақ Конституциялық Соттың құрамы қорытынды шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін:

1) конституциялық іс жүргізуге қатысушы өзі берген жолданымды қай қайтарып алған;

2) тиісті құқықтық қатынастарға қолданылуы жалғастырылатын жағдайларды қоспағанда, конституциялылығына дау айтылып жатқан актінің күші жойылған немесе заңдық күші жойылған;

3) мәлімделген жолданым Конституциялық Соттың ведомстволық қарауына жатпаған;

4) осыған ұқсас мәселе қойылған басқа жолданым бойынша Конституциялық Соттың қорытынды шешімі қабылданған жағдайларда тоқтатылуға жатады.

2. Конституциялық Соттың мәлімделген жолданым бойынша конституциялық іс жүргізуді тоқтату туралы шешімі жолданым субъектісін Конституциялық Сотқа осындай негіздер бойынша қайтадан жүгіну мүмкіндігінен айырады.

39-бап. Конституциялық Сот отырысының хаттамасын жасау

1. Конституциялық Сот отырысының хаттамасы жасалады және қажеттілігіне қарай стенограммасы жазылады.

2. Конституциялық Сот отырысының хаттамасы конституциялық іс жүргізу тілінде жүргізіледі.

3. Конституциялық Сот отырысының хаттамасын жүргізу тәртібі, оның мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Конституциялық Сот отырыстарының хаттамасын жасаудың өзге де мәселелері Конституциялық Соттың регламентінде айқындалады.

40-бап. Мемлекеттік баж

Азаматтардың жолданымдары Конституциялық Сотқа жіберілген кезде мемлекеттік бажды төлеу, қайтару тәртібі және оның мөлшері, сондай-ақ оны төлемнен босату негіздері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалады.

Мемлекеттік бажды бюджетке төлеу – төлем немесе кассалық құжаттармен, ал төлемдер банкوماتтар, электрондық терминалдар, қашықтықтан байланыс арналары және «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген кезде қағаз жеткізгіштердегі немесе электрондық түрдегі чектермен және түбіртектермен расталуға тиіс.

Осы Конституциялық заңның 48-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында, 47-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында және 48-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда төленген мемлекеттік баж қайтарылады.

7-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР ЖӨНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТҮЛГАЛАР

41-бап. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар, жолданымды қарау кезінде тартылатын өзге де тұлғалар мен органдар

1. Мыналар: жолданымды бойынша конституциялық іс жүргізу қозғалған тұлғалар мен органдар, актілерінің конституциялылығы тексерілетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар конституциялық іс жүргізуге қатысушылар деп танылады.

2. Мыналар:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдар;

2) сарапшы және пікірлері жолданымды жан-жақты, толық және объективті қарауға жәрдем ететін өзге де адамдар;

3) аудармашы жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалар мен органдар деп танылады.

3. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылар, осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында аталған өзге де тұлғалар мен органдар конституциялық іс жүргізуге қатысу үшін өз өкілдерін айқындай алады, олардың өкілеттіктері белгіленген тәртіппен берілген сенімхатта немесе өзге де құжатта ресімделеді. Заңға байланысты конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың өкілдері конституциялық іс жүргізуге өкілеттіктерін ресімдей қатысуға құқылы.

4. Азаматтардың жолданымдарын қарау кезінде заңды өкілдер, адвокаттар, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын заң консультанттары, сондай-ақ заңмен, жарғымен немесе ережемен ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген осы ұйымдардың уәкілетті адамдары ғана өкіл бола алады.

5. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіін алуға құқығы бар жолданым субъектісінің өтініші бойынша Конституциялық Сот адвокаттың немесе заң консультанттың қатысуын жүгінген адамның таңдауы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе заң консультанттары палатасына тиісті қаулыны жіберу арқылы қамтамасыз етеді. Адвокаттың немесе заң консультанттың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6. Өкілдердің саны екі адамнан аспауға тиіс.

7. Мемлекеттік органдар, ұйымдар жолданым жіберген

азаматтың, оның заңды өкілінің, аудармашының, сарапшының (маманың) Конституциялық Соттың талап етуі бойынша оның отырысына қатысуға жұмсалған барлық уақыт ішінде орташа жалақысын сақтауға міндетті.

42-бап. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың және жолданымды қарау кезінде тартылатын өзге де тұлғалар мен органдардың құқықтары мен міндеттері

1. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өкілеттіктері шегінде тең процестік құқықтарды пайдаланады.

2. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың, олардың өкілдерінің:

1) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, конституциялық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер алуға және көшірмелерін түсіруге;

2) дәлелдемелерді ұсынуға, оларды зерттеуге қатысуға және жолданымдары мен қарсылықтарының негізі ретінде өздері сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге;

3) конституциялық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдері мен ойларын Конституциялық Сотқа айтуға;

4) өтінішхаттар мәлімдеуге және мәлімделген өтінішхаттар бойынша өз пікірін айтуға;

5) Конституциялық Сотқа аузыша және жазбаша түсініктемелер беруге құқығы бар.

3. Мына:

1) жолданымы бойынша конституциялық іс жүргізу қозғалған конституциялық іс жүргізуге қатысушы Конституциялық Соттың құрамы қорытынды шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін жолданымның негізін өзгертуге, оның көлемін ұлғайтуға немесе азайтуға, өзі берген жолданымды кері қайтарып алуға құқылы;

2) конституциялық іс жүргізу қозғалған актіге байланысты конституциялық іс жүргізуге қатысушы жолданымда мәлімделген талаптарды толық немесе ішінара мойындауға не оларға қарсылық білдіруге құқылы.

4. Жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалар мен органдар:

1) Конституциялық Соттың рұқсатымен және ол айқындаған көлемде конституциялық іс жүргізу материалдарымен танысуға;

2) жолданымның нысанасы бойынша өз дәлелдері мен ойларын Конституциялық Сотқа айтуға құқылы.

5. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар, жолданымды қарау кезінде тартылатын өзге де тұлғалар мен органдар, олардың өкілдері:

1) өз құқықтарын адал пайдалануға міндетті. Олардың Конституциялық Сотқа көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы немесе Конституциялық Сот талап еткен құжаттарды, материалдар мен өзге де акпаратты ұсынбауы Конституциялық Сотты құрметтемеу деп бағаланады және заң бойынша жауаптылыққа алып келеді;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық Сотқа, оның талтаптарына және Конституциялық Сотта қабылданған рәсімдерге құрметпен қарауға;

3) төрағалық етушінің отырыс тәртібін сақтау туралы өкімдеріне бағынуға;

4) жолданымның мән-жайлары туралы мәліметтерді немесе Конституциялық Соттың жабық отырыстарына қатысуына байланысты өздеріне белгілі болған өзге де деректерді жария етпеуге міндетті.

6. Сарапшы (маман):

1) сараптама (зерттеу) нысанасына жататын материалдармен танысуға;

2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды өзіне ұсыну туралы өтінішхатты мәлімдеуге;

3) егер Конституциялық Сот судьясының ұйғарымында ол туралы көрсетілген болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

7. Сарапшы (маман):

1) өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша объективті және негізделген қорытынды беруге;

2) қажет болған кезде өзі дайындаған қорытындының мазмұнын түсіндіруге және Конституциялық Соттың отырысына қатысуға міндетті.

8. Аудармашы:

1) аударманы жүзеге асыру кезінде қатысып отырған адамдарға аударманың толықтығы мен дұрыстығы үшін нақтылайтын сурақтар қоюға;

2) орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

9. Аудармашы:

1) өзіне тапсырылған аударманы дәлме-дәл және толық орындауға;

2) конституциялық іс жүргізу құжаттарында аударманың дұрыстығын өз қолтаңбасымен куәландыруға міндетті.

8-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТҚА ЖҮГІНУ

43-бап. Конституциялық Сотқа келіп түсетін жолданымдардың түрлері

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1, 3, 4 және 5-тармақтарында аталған тұлғалардың жолданымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес соттардың ұсынулары істерді Конституциялық Сотта қарауға негіз болып табылады.

44-бап. Конституциялық Сотқа келіп түсетін жолданымдардың нысаны мен мазмұны

1. Конституциялық Сотқа жолданымдар жазбаша және (немесе) электрондық нысанда беріледі.

2. Жолданымда:

1) Конституциялық Соттың атауы;

2) жолданым субъектісінің атауы, орналасқан жері, азамат жүгінген жағдайда – тегі, аты және ересінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, егер бар болса, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы туралы мәліметтер;

3) лауазымы бойынша немесе заң бойынша өкілдік ету жағдайларынан басқа, жолданым субъектісі өкілінің атауы, мекенжайы және оның өкілеттігі көрсетілуіге тиіс. Өкілі беретін азаматтың жолданымында, егер бар болса, оның ұялы байланысының абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы туралы мәліметтер де көрсетілуіге тиіс;

4) егер жолданымда Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы мәселе қойылса, Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобасы;

5) егер жолданымда Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауларын және республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселе қойылса, оларды өткізуге байланысты актілерге қол қойған немесе оларды шығарған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың атауы, орналасқан жері және мекенжайы;

6) егер жолданымда Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған заңдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселе қойылса, заңдардың атауы, қабылданған күні;

7) егер жолданымда Қазақстан Республикасы Парламенті және оның Палаталары қаулыларының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселе қойылса, Қазақстан Республикасы Парламенті және оның Палаталары қаулыларының атауы, қабылданған күні;

8) егер жолданымда Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселе қойылса, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының атауы, қол қойылған күні мен орны, оларға Қазақстан Республикасының немесе оның мемлекеттік

органдарының атынан қол қойған лауазымды адамдар;

9) жолданымда ресми түсіндірме беру туралы мәселе қойылып отырған Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары;

10) егер жолданымда күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысынан қарау туралы мәселе қойылса, заңның немесе өзге де құқықтық актінің атауы, нөмірі, қабылданған күні, жариялау көздері және өзге де деректемелері;

11) егер соттың ұсынуында актіні конституциялық емес деп тану туралы мәселе қойылса, егер сот қолданылуға жататы



(Соңы. Басы 1, 17-18-беттерде)

растайтын құжатты ұсынған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік баж төленбеген болса;

5) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына азаматтардың жолданымдарын беру шарттары анық сақталмаған болса, жолданымның Қазақстан Республикасы Конституциясының және осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келмейтіні туралы хабарлама жібереді және оны жүргінген адамға қайтарады.

3. Жолданым жіберген адам Конституциялық Соттың осы мәселе бойынша шешім қабылдауын талап етуге құқылы.

4. Осы баптың 2-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кемшіліктер жойылғаннан кейін азамат Конституциялық Сотқа жолданымды қайта жіберуге құқылы. Бұл ретте Конституциялық Сотқа түзетілген жолданым Конституциялық Сот Аппаратының хабарламасын алғаннан кейін бір ай ішінде берілген жағдайда, осы Конституциялық заңның 45-бабы

2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімді есептеу мақсатында жолданым бастапқы жолданым берілген күні берілді деп есептеледі.

48-бап. Жолданымды конституциялық іс жүргізуге қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту

1. Конституциялық Соттың Төрағасы тіркелген жолданымды алдын ала зерделеу үшін бір немесе бірнеше судьяға береді, оның нәтижелері Конституциялық Соттың отырысында баяндалады.

Жолданымды конституциялық іс жүргізуге қабылдау туралы мәселе жөніндегі шешім Конституциялық Соттың отырысында қабылданады.

2. Жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған жағдайда, құқықтық акпараттың бірыңғай жүйесінде заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің не олардың жекелеген ережелерінің конституциялылығын тексеру жөнінде басталған іс жүргізу туралы тиісті белгі жасалады.

3. Егер:

1) жолданым осы Конституциялық заңда белгіленген жолданым нысаны мен мазмұнына, оларға жол берілу шарттарына сәйкес келмесе немесе тиісті субъектіден туындамаса;

2) жолданымның нысанасы Конституциялық Соттың құзыретіне кірмесе;

3) жолданымда көрсетілген мәселенің конституциялылығын осыған дейін Конституциялық Сот тексеріп қойған болса және кейіннен шешім қабылдауға негіз болған Қазақстан Республикасы Конституциясының немесе өзге де құқықтық актілердің нормалары өзгертілмеген жағдайда, заңды күшін сақтайтын Конституциялық Соттың шешімі болса;

4) жолданымда көрсетілген мәселе Қазақстан Республикасының Конституциясында шешімін тапса;

5) тиісті құқықтық қатынастарға қолданылуы жалғастырылатын жағдайларды қоспағанда, конституциялылығына дау айтылып жатқан акт тоқтатылса немесе күші жойылса, жолданымды конституциялық іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылады.

4. Конституциялық Сот қабылдаған шешім туралы конституциялық іс жүргізуге қатысушылар бес жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Конституциялық Сот жолданымның іс жүргізуге қабылданғаны туралы уәкілетті органдар мен тұлғаларды хабардар етеді, олар, егер тексерілетін нормативтік құқықтық актінің, оның негізінде қабылданған құқықтық актілердің қолданылуы немесе орындалуы адамның құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірудің мүмкін болмауына немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орыс толамас зардаптарға алып келуі ықтимал болса, Конституциялық Сот қорытынды шешім қабылдағанға дейін олардың қолданылуын, орындалуын тоқтата тұру туралы мәселені қарауға тиіс.

49-бап. Конституциялық іс жүргізуге қабылданған жолданымды Конституциялық Соттың отырысында қарау үшін материалдарды дайындау тәртібі

1. Конституциялық Соттың Төрағасы өз өкімімен Конституциялық Соттың отырысына материалдар дайындауды жүзеге асыратын Конституциялық Соттың судьясы айқындайды. Келіп түскен жолданымның ерекше маңыздылығына немесе шұғыл болуына байланысты материалдарды дайындау Конституциялық Соттың бірнеше судьясына тапсырылуы мүмкін.

2. Өзара байланысты бірнеше жолданым келіп түскен кезде Конституциялық Сот оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктіру туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Конституциялық іс жүргізуге қабылданған жолданым бойынша Конституциялық Соттың судьясы Төраға белгілеген мерзімдерде Конституциялық Сот отырысының қарауына материалдарды дайындайды, бұл үшін ол:

1) конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды, жолданымды қарау үшін тартылатын өзге де тұлғалар мен органдарды айқындайды, оларға осы Конституциялық заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

2) жолданым нысанасына қатысты қажетті құжаттар мен өзге де ақпаратты талап етіп алдырады;

3) қажет болған кезде тиісті лауазымды адамдарға сауал қойып жауап алады, галымдарды, сарапшыларды (мамандарды), аудармашыларды тартады және тексерулер, сараптамалар, зерттеулер жүргізуді тапсырады, бұл жөнінде ұйғарым шығарады;

4) отырыс басталғанға дейін он күннен кешіктірмей Конституциялық Соттың судьяларын жолданым материалдарымен қамтамасыз етеді;

5) Конституциялық Сот шешімінің жобасын дайындайды;

6) жолданымның тиісінше қаралуын қамтамасыз ету жөнінде өзге де әрекеттерді жүргізеді.

4. Келіп түскен жолданымның ерекше маңыздылығына және шұғыл болуына байланысты Конституциялық Сот оны жеделдетілген тәртіппен қарау туралы шешім қабылдай алады. Бұл жағдайда Конституциялық Соттың отырысына материалдар дайындауды Конституциялық Соттың регламентінде айқындалған тәртіппен Конституциялық Соттың судьясы-баяндамашы жүзеге асырады.

5. Дайындық жұмысы аяқталғаннан кейін Конституциялық Соттың Төрағасы өз өкімімен Конституциялық Сот отырысының күнін айқындайды, онда жолданымда қойылған мәселелер мәні бойынша қаралатын болады.

6. Конституциялық Сот жолданымды конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды және өзге де тұлғаларды шақырмай және тыңдаулар өткізбей қарауға құқылы.

50-бап. Тексеру өпшемесі шарттары мен шектері

1. Конституциялық Сот тексерілетін нормативтік құқықтық және өзге де актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін:

1) нормалардың мазмұны бойынша;

2) құқықтық актінің нысаны бойынша;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген қол қою, жасау, қабылдау, жариялау немесе қолданысқа енгізу тәртібі бойынша;

4) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі тұрғысынан;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген мемлекеттік билік органдары арасындағы құзыреттің аражігін ажырату тұрғысынан;

6) уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар берген ресми түсіндірмесін, сондай-ақ қалыптасқан құқық қолдану практикасын назарға ала отырып анықтайды.

2. Конституциялық Сот нормативтік құқықтық және өзге де актілердің конституциялылығын жолданымда көрсетілген бөлігінде ғана тексереді.

51-бап. Конституциялық іс жүргізуге қабылданған жолданымды қарау бойынша Конституциялық Сот отырысын жүргізу тәртібі

1. Конституциялық Сот жолданымдарды қарауды өзінің отырысында жүргізеді.

2. Белгіленген уақытта төрағалық етуші:

1) отырысты жүргізуге үшін Конституциялық Сот судьялары санының жеткілікті екендігіне және хаттама жасаумен қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізеді;

2) Конституциялық Соттың отырысын ашық деп жариялайды;

3) қаралуға жататын мәселелерді оқып шығады;

4) мәселенің мәнін баяндау, отырысқа шақырылған қатысушылардың бар екендігі туралы және қатыспағандардың келмеу себептерін хабарлау үшін Конституциялық Соттың судьясы-баяндамашыға сөз береді;

5) отырысқа қатысушылардан оларда өтінішхаттардың бар-жоғы туралы сұрайды, оларды Конституциялық Соттың шешуіне қояды;

6) қаралуға жататын мәселелерді қараудың басталғаны туралы жариялайды.

3. Қажет болған кезде конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың және басқа да шақырылған адамдардың түсініктемелері мен сөздері тыңдалуы мүмкін.

4. Отырысқа қатысушылар сөз сөйлегеннен кейін өтінішхат келіп түскен кезде конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың қорытынды сөздері тыңдалады. Конституциялық Сот оларға қорытынды сөз сөйлеуге дайындалу үшін уақыт береді.

5. Егер мәселе жеткілікті түрде анықталған болса, төрағалық етуші қорытынды шешімді құрылымдау үшін Конституциялық Соттың судьялары құрамының кеңесу бөлмесіне кететінді және кеңесінің ашылғаны туралы хабарлайды. Кеңесу кезінде бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді. Кеңесу кезінде болған пайымдауларды, дауыс беру барысын мен нәтижелерін жария етуге тыйым салынады. Кеңесу барысында Конституциялық Соттың судьялары қаралып отырған мәселе бойынша өз позициясын еркін білдіре алады және Конституциялық Соттың басқа судьяларынан өздерінің позицияларын нақтылауды сұрай алады.

52-бап. Конституциялық Сот отырысының үзілісі

1. Конституциялық Сот отырысында мынадай:

1) қворум болмаған;

2) конституциялық іс жүргізуге қатысушылар және келуі міндетті деп танылған өзге де адамдар келмеген;

3) егер қосымша материалдардың жолданымды шешу үшін елеулі мәні болса, оларды талап етіп алдыру қажет болған;

4) отырыс барысында жою мүмкін болмайтын басқа да мән-жайлар болған жағдайларда үзіліс болуы мүмкін.

2. Конституциялық Соттың отырысында үзіліс болған жағдайда, бұл туралы қатысушылар хабардар етіледі.

53-бап. Конституциялық Соттың жолданымдарды қарау мерзімдері

Конституциялық Сот жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жолданымды қарайды және ол бойынша қорытынды шешім шығарады. Бұл ретте азаматтардың жолданымдары бойынша қорытынды шешім жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған күннен бастап үш ай ішінде шығарылады. Жолданымның күрделілігін және барлық мән-жайларды неғұрлым толық зерттеу қажеттілігін ескере отырып, көрсетілген мерзімдерді Конституциялық Сот ақылға қонымды мерзімге ұзартуы мүмкін, бұл жөнінде мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің жазбаша немесе электрондық нысанда жазған талабымен ол жіберген жолданым бойынша қорытынды шешім қабылдау үшін мерзім, егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, күнтізбелік он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Конституциялық Сот өзара байланысты жолданымдарды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірген жағдайда қорытынды шешім шығару үшін осы Конституциялық заңда көзделген мерзім соңғы жолданым келіп түскен күннен бастап есептеледі.

54-бап. Конституциялық Соттың отырысын өткізу тәртібін қамтамасыз ету шаралары

1. Конституциялық Соттың отырысын өткізу тәртібін қамтамасыз ету мақсатында пропестік қорғау немесе жауаптылық шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Отырысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Конституциялық Соттың Төрағасы жолданымды қарау кезінде қатысуға ниет білдірген адамдарға, олардың жеке басын қуаландыратын құжаттарын тексеруді, жеке тексеріп қарауды және олар алып өтетін заттарды тексеріп қарауды қоса алғанда, тексеру жүргізу туралы өкім бере алады.

3. Отырыстың қалыпты өту барысын қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық Сот құдық бұзушыға ескерту жасауды немесе оны отырыс залынан шығарып жіберуді қолдануы мүмкін.

4. Отырыста төрағалық етуші Конституциялық Сотқа құрмет көрсетпеу фактісінін анықталғаны туралы құқық бұзушыға дереу жариялайды.

5. Конституциялық Сотқа құрмет көрсетпегені үшін бұған кіналі адамдар Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

6. Егер отырыста тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, Конституциялық Сот үш жұмыс күні ішінде прокурорға сотқа дейінгі іс жүргізуді ұйымдастыру үшін материалдарды жібереді.

10-тарау. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ШЕШІМДЕРІ

55-бап. Конституциялық Сот шешімдерінің түрлері

1. Конституциялық Соттың отырысында қабылданатын акт оның шешімі болып табылады.

2. Конституциялық Соттың шешімдері Конституциялық Соттың конституциялық өкілеттіктері жүзеге асырылатын қорытынды шешімдерге және Конституциялық Соттың өзге де өкілеттіктері жүзеге асырылатын басқа да шешімдерге бөлінеді.

56-бап. Конституциялық Сот шешімдерінің нысандары

1. Конституциялық Соттың шешімдері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын нормативтік қаулылар;

2) жолдаулар;

3) қорытындылар;

4) қаулылар нысанында қабылданаты.

Нормативтік қаулылар, қорытындылар мен жолдаулар Конституциялық Соттың қорытынды шешімдеріне жатады.

2. Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары Қазақстан Республикасының атынан шығарылады.

57-бап. Конституциялық Соттың нормативтік қаулысы мен қорытындысының мазмұны

1. Конституциялық Соттың нормативтік қаулысы мен қорытындысында:

1) оның атауы, шығарылған күні мен орны;

2) оны шығарған Конституциялық Соттың құрамы;

3) конституциялық іс жүргізуге қатысушылар мен олардың өкілдері;

4) жолданымның нысанасы;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен осы Конституциялық заңның Конституциялық Соттың конституциялық іс жүргізуге қабылданған жолданымды қарау құқығын белгілейтін нормалары;

6) Конституциялық Сот анықталған мән-жайлар;

7) конституциялылығы тексерілген құқықтық актінің атауы мен деректемелері;

8) лауазымды адамның конституциялылығы тексерілген шешімі;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлаулары немесе республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы тексерілген уәкелескер, округтер, әкімшілік-аумақтық бірліктер;

10) Қазақстан Республикасы Конституциясының ресми түсіндірме беруге ұшыраған нормасының (нормаларының) мазмұны;

11) Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген тәртіппен жүгінуге байланысты Конституциялық Сот қараған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың мазмұны;

12) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген, сақталуы тексерілген рәсімдер;

13) Конституциялық Сот ұйғарған шешімнің пайдасына келтірілген дәлелдер;

14) Конституциялық Сот басшылыққа алған Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары;

15) шешімнің тұжырымы;

16) егер осы баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген нормативтік қаулылар қабылданса, мемлекеттік органдардың шешімдерін қайта қарау қажеттігі;

17) шешімді қолданысқа енгізу, орындау және жариялау тәртібі мен мерзімі;

18) шешімнің түпкіліктілігі және міндеттілігі көрсетілуіге тиіс.

2. Заңдардың және өзге де құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы жолданымдарды қараудың қорытындысы бойынша Конституциялық Сот мынадай:

1) заңды немесе өзге де құқықтық актіні не олардың жекелеген ережелерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тану туралы;

2) заңды немесе өзге де құқықтық актіні не олардың жекелеген ережелерін Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тану туралы;

3) заңды немесе өзге де құқықтық актіні не олардың жекелеген ережелерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп тану туралы нормативтік қаулылардың бірін қабылдайды.

58-бап. Конституциялық Соттың шешімдер қабылдауы

1. Конституциялық Сот шешімдерді алқалы түрде қабылдайды.

2. Осы Конституциялық заңның 25-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Конституциялық Сот шешімді ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы судьялардың көпшілік дауысымен қабылдайды.

3. Егер шешім қабылдау кезінде Конституциялық Сот судьяларының дауыстары тең бөлінген болса, барлық жағдайларда өзінің дауысын ең соңынан беретін Конституциялық Сот Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конституциялық Соттың Төрағасының оның уәкілдік беру бойынша Конституциялық Соттың тиісті судьясы ауыстырған кезде бұл қағида қолданылмайды. Бұл жағдайда Конституциялық Сот Төрағасының немесе бірінші дауыс беруге қатыспаған судьясының қатысуымен қайтадан дауыс беру өткізіледі.

4. Конституциялық Соттың кеңесуі кезінде отырысқа қатысатын судьялардың ешқайсысы қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға құқылы емес.

5. Конституциялық Сот қабылдаған шешімдер Төраға оларға қол қойғанға дейін дауыс беруге қатысқан Конституциялық Сот судьяларының қол қоюларымен алдын ала бекемделеді.

59-бап. Конституциялық Сот судьясының ерекше пікірі

Қорытынды шешіммен келіспеген Конституциялық Соттың судьясы өз пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы, ол конституциялық іс жүргізу материалдарына қоса тіркеледі.

Конституциялық Соттың судьясы өзінің ерекше пікірін жариялауға немесе оған жария түрде сілтеме жасауға құқылы емес.

60-бап. Конституциялық Соттың қосымша шешімі

1. Конституциялық Сот, егер:

1) Конституциялық Соттың шешімін түсіндіру туралы мәселе қойылса, қосымша шешім қабылдайды. Бұл жағдайда қосымша шешім конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың не Конституциялық Соттың қорытынды шешімін орындауға міндетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтінішхатты бойынша қабылданады;

2) Конституциялық Соттың шешімінде жіберілген редакциялық сипаттағы дәлісдіктер мен қателерді түзету қажет болса, қосымша шешім қабылдайды. Бұл жағдайда қосымша шешімді Конституциялық Сот өз бастамасымен қабылдайды.

2. Қосымша шешім Конституциялық Сот шешімінің шынайы мазмұнына, мағынасы мен мақсатына қайшы келмеуге тиіс.

3. Қосымша шешімді Конституциялық Сот отырыста қабылдайды, оның жүргізілу тәртібі Конституциялық Соттың регламентінде айқындалады.

61-бап. Конституциялық Соттың шешімін қайта қарау

1. Конституциялық Соттың шешімін өзі Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша немесе өз бастамасы бойынша, егер:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының шешім қабылдауға негіз болған нормасы өзгерген;

2) жолданымның нысанасы үшін жаңа елеулі мән-жайлар ашылған жағдайларда, қайта қарауы мүмкін.

2. Конституциялық Сот шешімді қайта қарау туралы қаулы шығарады, онда бұл шешімнің күші жойылады.

3. Конституциялық Соттың шешімін қайта қарау туралы мәселені қарау тәртібі Конституциялық Соттың регламентінде айқындалады.

62-бап. Конституциялық Сот шешімінің заңдық күші

1. Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шайым жасалуға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Сот айқындайды.

2. Конституциялық Соттың осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешімдері тікелей қолданылады және басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың растауын талап етпейді. Конституциялық Соттың құқықтық актіні немесе оның жекелеген ережелерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп тану туралы шешімінің заңдық күшін дәл осындай мазмұндағы осы актіні қайтадан қабылдау арқылы еңсеруге болмайды.

63-бап. Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін қабылдау салдары

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше ратификациялауға және қолданысқа енгізуге болмайды. Заңдарды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тану оларға қол қою мерзімінің өтуін қайта бастайды. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тану оларды ратификациялау процесін қайта жалғастырады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп танылған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар республикалық референдумға немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына шығарылмайды.

3. Конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданылмайды.

Конституциялық Сот өзі қабылдаған қорытынды шешімін қолданылуы мен орындалуының өзге тәртібін айқындаған жағдайларды қоспағанда, соттардың және өзге де құқық қолдану органдарының осындай заңға немесе

өзге де құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды және белгіленген тәртіппен қайта қаралуға тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал ету болып табылады.

2-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің қағидаттары мен құқықтық негізі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялылық, ашықтық, айқындық қағидаттарын және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген басқа да қағидаттарды басшылыққа алады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және өзге де міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

3-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің кепілдіктері

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігі мерзімі ішінде қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтары шектеулерге жатпайды.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жыл сайынғы баяндамасында көрсетіледі.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өзінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы куә ретінде жауап алуға жатпайды.

5. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өз қызметін жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына кепілдік беріледі.

6. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметтік куәлігін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы мекемелер мен басқа да объектілерге кедергісіз баруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне барған уақытында өткізу және объектішілік режимдердің белгіленген талаптарын сақтайды.

7. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай режимі енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

4-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына сайлау тәртібі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты бір жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына сайланатын адам мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы бар болуы және соңғы он жылда оның аумағында тұрақты тұруы;
- 2) жоғары білімі болуы;
- 3) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуы;
- 4) отыз жастан кіші болмауы;
- 5) мемлекеттік тілді еркін білуі;
- 6) әрекетке қабілетті болуы.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына кіріскен кезде мынадай мазмұнда ант береді:

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына кірісе отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын басшылыққа ала отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын адал әрі абыроймен қорғауға, сондай-ақ өз міндеттерімді әділдікпен және ар-ожданмен атқаруға салтанатты түрде ант етемін. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүддесі үшін тәуелсіз, бейтарап, объективті әрекет етуге міндеттенемін.».

5-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді лауазымынан босату

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты лауазымынан босатады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді атқарып отырған лауазымынан босату үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;
- 3) оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеуді деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 4) қақты болу;
- 5) заңды күшіне енген сот шешімімен оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;
- 7) басқа лауазымға тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа ауысу;
- 8) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету;
- 9) өз тілегі бойынша лауазымнан босату туралы өтініш беру;
- 10) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің аяқталуы.

6-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметіне байланысты шектеулер

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

- 1) саяси қызметпен айналысуға;
- 2) өкілді органның депутаты болуға;
- 3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға;
- 4) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- 5) коммерциялық ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатысуға;
- 6) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға;
- 7) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
- 8) азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарда пайдалануға;
- 9) мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге, оның ішінде ереуілдерге қатысуға құқылы емес.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы, кәсіптік одақтағы мүшелігін тоқтатады. Егер Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымға сайланған кезде саяси партияда, кәсіптік одақта тұрған жағдайда, ол тағайындалған күннен бастап он күн ішінде өзінің оларға мүшелігін тоқтатуға тиіс.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

7-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді;

2) өз қызметі туралы жыл сайынғы баяндаманы, сондай-ақ арнаулы баяндамалар дайындауды және таратуды қамтамасыз етеді;

3) «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарына, Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталары жұмыс органдарының отырыстарына және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының қатысуымен өтетін өзге де іс-шараларға шақыру бойынша қатысады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар немесе астана мәслихаттары сессиясының жалпы отырыстарына қатысуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, алкалы мемлекеттік органдар мен мемлекеттік органдарда құрылатын өзге де органдардың отырыстарына шақыру бойынша қатысады;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдарға және лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтардың профилактикасына және қалпына келтіруге бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар береді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына осы Конституциялық заңда көрсетілген міндеттерге сәйкес ұсыныстар енгізеді;

8) азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың қызметін үйлестіреді;

9) осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымдарды қарайды;

10) адамның құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық шарттарды ратификациялау немесе Қазақстан Республикасы үшін халықаралық шарттың міндеттілігіне келісімін білдірудің өзге де тәсілі туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Қазақстан Республикасының шарттық міндеттемелерін орындау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары мен комитеттеріне, сондай-ақ өңірлік мекемелерге ұсынылатын ұлттық баяндамаларды дайындауға және талқылауға үкілетті органдардың шақыруы бойынша қатысады және көрсетілген органдар мен комитеттердің рәсімдеріне сәйкес осы мәселелер бойынша тәуелсіз пікірін білдіреді;

12) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеуге және қорғауға жәрдемдесу мақсатында халықаралық, өңірлік және өзге де ұйымдармен, сондай-ақ басқа мемлекеттердің ұлттық құқық қорғау мекемелерімен, оның ішінде келісімдер (меморандумдар) жасасу арқылы ынтымақтастық жасайды;

13) адамның және азаматтың құқықтары жөнінде оқу және зерттеу бағдарламаларын әзірлеуге жәрдемдеседі, оларды білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарда іске асыруға қатысады;

14) мыналарды: шағымдарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені; Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы сараптама кеңесі туралы ережені; ұлттық превентивтік тетікке қатысушыларды іріктеу қағидаларын;

алдын ала бару үшін ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардан топтар қалыптастыру қағидаларын; алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің рөмізі мен туының ережесі мен сипаттамасын бекітеді;

15) адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгінеді;

16) шет мемлекеттің шақыруы бойынша басқа мемлекеттерде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылаушы ретінде әрекет етуге құқылы;

17) мемлекеттік органдардан, ғылыми мекемелерден және өзге де ұйымдардан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мәселелері бойынша сараптамалық және талдамалық зерттеулер болған жағдайда, оларды құратады;

18) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған алдын ала баруға жататын ұйымдар мен мекемелерге кедергісіз барады;

19) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдардың келісімімен кино-, фото- және бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізеді;

20) мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдары мен азаматтары арасындағы дауды реттеу бойынша қоғамдық диалогқа қатысады және өз қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, ұсынымдар береді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің баяндамалары

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына нормативтік құқықтық актілерді талдау, шағымдарды қарау және осы Конституциялық заңға сәйкес басқа да өкілеттіктерді іске асыру нәтижелерін қамтитын өз қызметі туралы баяндаманы жыл сайын ұсынады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша арнаулы баяндамалар дайындап, тарата алады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің баяндамалары уәкілетті мемлекеттік органдарға құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қарау үшін жіберіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған баяндаманы қарау нәтижелері туралы хабарлайды.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл осы бапта көрсетілген баяндамаларды дайындау және тарату тәртібін бекітеді.

5. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баяндамаларды дайындауға ұйымдар мен мамандарды шарт негізінде тартуға құқылы.

6. Баяндамалар Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында жариялануға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуға жатады.

9-бап. Ұлттық превентивтік тетік

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың қызметін үйлестіру мақсатында:

ұлттық превентивтік тетікке қатысушыларды іріктеуді, оқытуды және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру арқылы олардың қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімдерін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

Үйлестіру кеңесін құруды және оның Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауларға қарсы комитетінің Азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі үкілмен және басқа да ұлттық құқық қорғау мекемелерімен өзара іс-қимыл жасайды;

мамандарды тартады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасын дайындауға және жариялауға жәрдемдеседі, оны уәкілетті мемлекеттік органдармен талқылауды және онда көрсетілген ұсынымдардың орындалуына мониторингті ұйымдастырады.

3. Ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың алдын ала бару нәтижелері жөніндегі есептерінің негізінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және Қазақстан Республикасы азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізу не қылмыстық іс қозғау туралы өтінішхатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге құқылы.

10-бап. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық оқыту, қоғамдық бірлестіктермен, сарапшылармен және мамандармен өзара іс-қимыл

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық оқытуға жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, халықтың Қазақстан Республикасының заңнамасын, аса маңызды халықаралық актілерді білу деңгейін арттыруға қатысады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы білімді ілгерілету, ғылыми-қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыру, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы білім мен дағдыларды тұрақты түрде арттыру мақсатында ғылыми-білім беру орталығын және өзге де ұйымдарды құруға бастамашылық жасай алады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілету және көтермелеу жөніндегі ақпараттық науқандар мен жобалар шеңберінде мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

11-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мен халықаралық шарттарын жасасу жөніндегі ұсыныстар

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметі шеңберінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мәселелері бойынша және Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру немесе халықаралық шарттарын жасасу жөнінде ұсыныстар әзірлейді және мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді;

2) мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарын қарайды.

12-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы консультативтік-кеңесші органдар, сондай-ақ оның мемлекеттік органдар мен ұйымдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдарға қатысуы

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанынан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында жұмыс тәжірибесі бар адамдардан тұратын консультативтік-талдамалық функциялары бар сараптама кеңесі құрылады.

2. Ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мүдделі мемлекеттік органдар мен

ұйымдар өкілдерінің, азаматтардың қатысуымен жұмыс топтарын және комиссиялар құра алады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз бастамасымен немесе шақыру бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдар жанындағы консультативтік-кеңесші және байқаушы органдарға өзі дербес немесе өз өкілдері арқылы қатыса алады.

4-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АДАМНЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӨРДЕМДЕСУІ

13-бап. Шағымды қарау

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жеке өздері және (немесе) өкілдері (бұдан әрі – шағым иелері) арқылы берген шағымдарын келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өз құзыреті шегінде қарайды.

Азаматтың құқықтарын қорғау мақсатында және оның жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қоғамдық бірлестіктер жүгіне алады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарайды.

3. Шағымда арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны туралы мәліметтер, арыз берушінің пікірі бойынша оның құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе бұзатын шешімдердің немесе әрекеттердің (әрекетсіздіктің) мәнін баяндау қамтылуға тиіс.

Шағымға арыз берушінің дәлелдерін растайтын құжаттар және өзге де материалдар қоса беріледі.

4. Шағымды алып, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) шағымдарды қарау қағидаларына сәйкес шағымды қарауға қабылдайды;

2) арыз беруші өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін пайдалана алатын тәсілдер мен құралдарды түсіндіреді;

3) құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға анықтауға жататын мән-жайларға тексеру жүргізу туралы жолданымдар жібереді;

4) шағымды қарауға қабылдаудан бас тартады, оған уәжің білдіруге тиіс. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тартуға шағым жасалмайды.

5. Шағымды қарау мерзімі Қазақстан Республикасындағы Адам құқық



(Соңы. Басы 1, 20-беттерде)

Шағымды қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өзі қабылдаған шешімге қарай:

1) арыз берушінің құқықтары мен бостандықтары олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) бұзылған мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, лауазымды адамдарға, мемлекеттік қызметшілерге адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру үшін қабылдануға тиіс шараларға қатысты ұсынымдар жібереді;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру туралы өтінішхатпен уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жүгінеді;

3) мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерімен немесе әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) адамдардың шектелмеген тобының бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінеді. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жіберетін талап арызға (талап қоюға) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж салынбайды.

17-бап. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтап-қорыту

1. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтап-қорыту нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

1) мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге қатысты жалпы сипаттағы өз ескертулері мен ұсыныстарын жібереді;

2) егер Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының немесе лауазымды адамдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын шешімдері немесе әрекеттері (әрекетсіздігі) олардың жетілдірілмеуіне немесе оларда орын алған олқылықтарға не Қазақстан Республикасы заңнамасының Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе өзге де міндеттемелеріне қайшы келуіне байланысты жасалатып деп пайымдаса, құқықтық актілерді қабылдаған (шығарған) субъектілерге оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен өтініш жасайды.

2. Ерекше қоғамдық маңызы бар не Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жаппай бұзылуына байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мынадай шаралар қабылдайды:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Прокуратура туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2-бап. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізі

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, оны Конституциялық заң, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары

1. Прокуратура өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіз болу, Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру, жариялылық қағидаттарында жүзеге асырады.

2. Прокуратура органдары өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде олардың қызметіне қандай да бір араласуға тыйым салынады.

3. Прокуратура кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдардың және мемлекеттік органдардың қызметіне араласуға, олардың қызметін тексеруді тағайындауға, заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуға құқылы емес.

4. Прокуратура органдары Қазақстан Республикасының адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бөлігіндегі, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңдарының талаптарына қайшы келмейтіндей шамада жария түрде әрекет етеді.

4-бап. Прокуратураның мақсаттары мен міндеттері

Прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді;

2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;

3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

2-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

5-бап. Прокуратура органдарының жүйесі

1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оған бағынысты ведомство, білім беру ұйымы, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралар прокуратура органдарының бірнұғай орталықтандырылған жүйесін құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделмеген өзге де прокуратура органдары құрылуы мүмкін.

2. Прокуратура органдарының қызметі төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы негізінде жүзеге асырылады.

Прокурорлардың бағыныстылығы мыналарды қамтиды:

1) төмен тұрған прокуратуралар үшін жоғары тұрған прокурорлардың жұмысты және қызметті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау міндеттілігі;

2) төмен тұрған прокурорлардың қызметтік міндеттерін орындағаны үшін жоғары тұрған прокурорлар алдында жауапты болуы;

3) төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін қажет болған жағдайларда жоғары тұрған прокурорлардың жүзеге асыруы;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жоюы, оларды кері қайтарып алуы, тоқтата тұруы немесе өзгертуі;

5) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), актілеріне жасалған шағымдарды шешуі.

1) тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталарына немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолданым жібереді;

2) сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру ұсынысымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінеді;

3) осы Конституциялық заңға сәйкес өзге де шаралар қабылдайды.

18-бап. Мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының міндеттері

1. Мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қажетті материалдарды, құжаттарды, мәліметтер мен түсіндірмелерді ұсынуға міндетті.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сұратқан материалдар, құжаттар, мәліметтер, егер оның сұрау салуында басқа мерзім көрсетілмесе, сұрау салу алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған жіберілуге тиіс. Бұл ретте сұрау салуда көрсетілген мерзім екі жұмыс күнінен кем болмайды.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілдері өз өкілеттіктері шеңберінде мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және лауазымды адамдардың жедел қабылдауына кіру құқығын пайдаланады. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің талап етуі бойынша аталған органдар мен лауазымды адамдар Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге немесе оның өкілдеріне дереу жәрдем көрсетуге міндетті.

4. Уәкілетті мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, мекемелер және ұйымдар, олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге немесе оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі аталған адамдармен, сондай-ақ тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесуді куәларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы өткізеді. Аудиожазбаларды, фото- және видеотүсірілімдерді пайдалана отырып әңгімелесулер өткізу тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдардың келісімімен жүзеге асырылады. Қазақстан

Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің әңгімелесулерін өзге тұлғалардың тыңдауына және аудиозауына тыйым салынады.

5-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ МЕН ОНЫҢ ОБЛЫСТАҒЫ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАДАҒЫ, АСТАНАДАҒЫ ӨКІЛІНІҢ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

19-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі (бұдан әрі – өкіл) болады, оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

2. Өкіл мемлекеттік қызметші болып табылады және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық өкілдіктерінің қызметіне басшылық жасайды.

Өкілдің функционалдық міндеттерін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл бекітеді.

3. Өкіл өз өкілеттігін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атынан өзінің функционалдық міндеттері шеңберінде және оның тапсырмасы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырады.

20-бап. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету үшін жұмыс органы – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі – Ұлттық орталық) құрылады, ол мемлекеттік мекеме болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі мен бланкілері, сондай-ақ банктік мекемелерде тиісті шоттары болады.

2. Ұлттық орталық туралы ережені Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің құрылымын Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл бекітеді.

3. Ұлттық орталықтың басшысы мен оның орынбасарларын Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

4. Ұлттық орталық Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, сондай-ақ оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің осы Конституциялық заңның 3-тарауында көзделген қызметін жүзеге асыру үшін жәрдем көрсетеді.

5. Ұлттық орталықтың қызметкерлері өз қызметін

1. Бас Прокурорды:

1) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымнан босатады;

3) ол Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді;

4) қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісуісіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмысты жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Бас Прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері

Бас Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шектерде және нысандарда жүзеге асырады;

2) прокуратура органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне басшылық жасайды;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратура туралы ережені, оның құрылымын, прокуратура органдарының жалпы штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, прокуратура органдарының жалпы штат санының лимиті шегінде прокурорлардың және прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлерінің штат санын белгілейді;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура органдары ведомствосының басшысын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыну енгізеді;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен білім беру ұйымының басшысын, Бас әскери прокурорды, Бас көлік прокурорын, облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

7) прокурорларды және прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлерін, зейнеткерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады, оларды ведомстволық наградалармен наградтайды;

8) Қазақстан Республикасы Президентінің алдында елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы есеп береді;

9) Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

10) Бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралардың жанынан құрылатын үйлестіру кеңестері туралы ережелерді бекітеді;

11) Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындайды;

12) Бас прокуратураның алқасы мен консультативтік-келесіші органдарын құрады, олардың құрамы мен жұмыс регламентін айқындайды;

13) ведомствоның, білім беру ұйымының, әскери және көлік прокуратуралары органдарының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың, сондай-ақ прокуратура органдарының жүйесіне кіретін мемлекеттік мекемелер мен өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдарын бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережелерді қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен білім беру ұйымының ережелерін (жарғыларын) бекітеді;

15) барлық прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

21-бап. Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, оның өкілдерінің, сондай-ақ жұмыс органының қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ақшалай қамтылымы, оған медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету, сондай-ақ оның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мемлекеттік лауазымдарды атқаратын, бірақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесінен төмен емес лауазымды адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген кепілдіктер деңгейінде айқындалады.

3. Республикалық бюджетте жыл сайын жеке бюджеттік бағдарламамен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, оның өкілдерінің, сондай-ақ жұмыс органының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат көзделеді.

4. Қаржылық есептілікті Ұлттық орталық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынады.

22-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және Ұлттық орталық басшысының актілері

1. Осы Конституциялық заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Ұлттық орталықтың басшысы бұйрықтар шығарады.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік және орыс тілдерінде лауазымының атауы көрсетілген белгіленген үлгідегі өз бланкісі болады.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

23-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Конституциялық заң, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 15) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» 2021 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Занының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 5 қараша
№ 154-VII ҚРЗ

орындауы үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады, прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін ережелерді, нұсқаулықтарды, регламенттерді және өзге де құқықтық актілерді бекітеді;

16) Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгінеді;

17) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін заңды күшіне енген сот актілеріне, негіздер болған кезде, наразылық білдіреді;

18) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасының мәселелері жөнінде соттарға түсіндірме беру туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінеді;

19) Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен сот актісінің орындалуын тоқтата тұрады;

20) Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолсұғылмашылық құқығы бар адамдарды одан айыру және әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша ұсыну енгізеді;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістері, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келесіде;

22) мынадай:

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасымен және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасымен реттелмеген бөлікте прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолдағандарын қарау және оларды жеке қабылдау;

прокуратура органдары жүзеге асыратын, заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу;

прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік заңнамасының, Қазақстан Республикасының жедел-іздістеріу қызметі туралы заңнамасының нормаларын қолдану; мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу;

құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою тәртібін айқындау;

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және (немесе) онымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, прокурорларды және өзге де жұмыскерлерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату;

ақшалай үлес, жәрдемақылар және өзге де төлемдер төлеу;

құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу, оларды үйлестіру және мониторингтеу тәртібін айқындау;

прокуратура органдарының білім беру ұйымына оқуға қабылдау тәртібін айқындау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

23) осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Прокурордың өкілеттіктері

1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:

1) заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізуге;

2) осы Конституциялық за

**(Жағасы. Басы 1, 21-беттерде)**

органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;

4) меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, көмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;

5) Қазақстан Республикасының заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

6) прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

7) өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын заңдылықтың сақталуын тексеруге қатысуға және қорытынды беруге тартуға;

8) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартуға;

9) жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруға және олардан түсініктер алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдыруға және алуға;

11) дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолдануға;

13) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар беруге;

14) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексеруге;

15) күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексеруге, заңсыз шешімдерінің күшін жоюға;

16) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының сотталғандарды басқа мекемеге ауыстыру туралы актілерін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес қарауға;

17) тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарауға;

18) заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіруге;

19) наразылық білдіру өз қызыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінуге;

20) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасауға;

21) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығын тексеру жүргізуге;

23) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартуға;

24) заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етуге;

25) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

26) атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексеруге;

27) қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіруге;

28) адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындауға, прокуратура органдарының қызыретіне жататын қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық шарттардың жобаларын келісуге;

29) шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның қызыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіруге;

30) осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Пркурор:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға;

3) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әркетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермеуге;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға;

6) заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарауға;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексеруге;

8) заңсыз жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатуға;

9) заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың ұй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауитвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі адамдарды дереу босатуға;

10) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жоюға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

11-бап. Прокуратура органдарының ведомствосы

1. Прокуратура органдарының ведомствосы Бас прокуратураның құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруды және арнайы есепке алуды жүргізуді;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерінің тұтастығын, объективтілігін, анықтығын, жеткіліктілігін қадағалауды, сондай-ақ осы саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жиынтықтау және сақтау әдістемесін айқындауды;

3) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеу және (немесе) есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіругі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ведомствоның, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдарының құрылымын Бас Прокурор бекітеді.

3. Осы салада мемлекеттік құқықтық статистиканы жүзеге асырудың, арнайы есепке алуды жүргізудің және қадағалаудың құқықтық негізі мен қағидалары осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалады.

12-бап. Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы прокуратура органдарының білім беру ұйымы болып табылады және:

1) ішкі істер және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлауды ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған қызметкерлерін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін және кәсіптік деңгейін арттыруға;

3) құқық қорғау қызметі саласында ведомстваралық ғылыми зерттеулерді үйлестіруді және жүргізуді;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруға;

5) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, құқық қорғау қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

13-бап. Әскери прокуратура органдары

1. Әскери прокуратура органдары осы Конституциялық заңда көзделген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың;

2) мемлекеттің қорғанысын мен әскери қауіпсіздігі саласындағы өзге де мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

2. Әскери прокуратура органдарының өзге де құзыреті осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

14-бап. Көлік прокуратурасы органдары

1. Көлік прокуратурасы органдары осы Конституциялық заңда көзделген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып, көлік саласындағы мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, өзге де ұйымдардың қызметінде, сондай-ақ көлік пен көліктің инфрақұрылым объектілеріне қатысты заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

2. Көлік прокуратурасы органдарының өзге де құзыреті осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

15-бап. Облыстық және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралар мен прокураторлар

1. Облыстардың прокуратураларын және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратураларды тиісті прокурорлар басқарады.

2. Облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлар басқарады.

1) облыстық және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) прокуратура алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті үйлестіру кеңестерін басқарады;

5) осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-бап. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) өзге де прокурорлар мен прокураторлар

1. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратураларды Бас Прокурор тағайындайтын тиісті прокурорлар басқарады.

2. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар:

1) аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын өкімдер шығарады;

3) осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы

Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. ЖОҒАРЫ ҚАДАҒАЛАУ ШЕКТЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ. СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ. ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ. ЖОЛДАНЫМДАРДЫ ҚАРАУ. ПРОКУРОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

17-бап. Жоғары қадағалау шектері мен нысандары

1. Қазақстан Республикасының атынан жоғары қадағалау заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау және жүргізу тәртібі осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Бас Прокурордың актілерінде айқындалады.

3. Қарсы барлау қызметі, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларындағы жоғары қадағалау Қазақстан Республикасының қарсы барлау қызметі туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасының күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамасының ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

18-бап. Заңдылықтың сақталуын тексеру

1. Заңдылықтың сақталуын тексеру:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы;

2) Бас Прокурордың тапсырмасы;

3) осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тағайындалады.

2. Бас Прокурордың орынбасарларының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалардың, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау және жүргізу туралы шешімдері:

1) физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) көмелетке толмаған адамдардың;

3) адамдардың шектелмеген тобының;

4) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардапты болғызбауға қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің;

5) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың лауазымды адамдары тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін қабылданады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты заңдылықтың сақталуын тексеру Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша не олармен келісу бойынша жүргізіледі.

3. Прокуратура органдарының ведомствосы жүргізетін заңдылықтың сақталуын тексеру осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде ведомство және оның аумақтық органдары басшыларының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы қаулы шығарылады, ол құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркеледі.

Заңдылықтың сақталуын тексеру отыз жұмыс күнінен аспайтын уақыт ішінде жүргізіледі.

Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған кезде, сондай-ақ заңдылықтың сақталуын тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты оны жүргізу мерзімі ерекше жағдайларда отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сараптама тағайындалған жағдайларда, сондай-ақ шет мемлекеттерден мәліметтер мен құжаттар алу қажет болған кезде – оларды алғанға дейін, сондай-ақ тексеру жүргізуге кедергі келтіретін өзге де жағдайларда заңдылықтың сақталуын тексеру тоқтатыла тұруы мүмкін.

Заңдылықтың сақталуын тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыларды тіркеу тәртібі және оны жүргізу мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі салаларындағы заңнамасы шеңберінде жүргізілетін тексеруге қолданылады.

5. Заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) егер құжаттар, ақпарат заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына жатпаса, оларды беруді талап етуге;

2) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асыруға;

3) заңдылық пен қоғамдық тәртіпке, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін орны толмас зардаптың туындауымен қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тексерілетін субъектінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге құқылы емес.

19-бап. Тексерілетін субъектілердің құқықтары мен міндеттері

1. Тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруы кезінде:

1) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу үшін келген адамдарды:

тексерілетін субъектіге заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулы бермеген;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркеу міндетті болатын кезде мұндай тіркеусіз заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізген;

осы Конституциялық заңның 18-бабының 4-тармағында көрсетілген мерзімдер өткен;

заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыда көрсетілмеген адамдар заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізген;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кезде мемлекеттік құпияларға жіберу туралы рұқсатты распайтын құжат болмаған жағдайларда объектіге кіргізбеуге;

2) мынадай: жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына немесе заңдылықтың

**(Соңы. Басы 1, 21-22-беттерде)**

8. Егер қайта берілген жолданымдарда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы жолданымның материалдары бойынша жолданым несіне белгіленген тәртіппен жауаптар берілсе, жолданымдарды қарау тоқтатылады.

9. Осы баптың талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында белгіленген жолданымдарға қолданылмайды.

25-бап. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу

1. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешімін, актінің қабылданғаны немесе әрекеттің жасалғаны (әрекетсіздік) туралы адамға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды.

Шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды. Шағым жасау мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, шағымды қарайтын прокуратура органы мерзімді шағым берген адамның өтінішаты бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қалпына келтіруі мүмкін.

2. Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне көзделген тәртіппен сотқа шағым жасау үшін негіз болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағының талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.

26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері

1. Прокурорға өз өкілеттістігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдау мақсатында қандай да бір нысанда ықпал ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Прокурордың жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, қаралатын жолданымдар және өзінің өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберіндегі талаптары мен сұрау салулары жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, мекемелердің, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

3. Жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданымдар мәселелері бойынша мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар прокурордың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге белгіленген талаптарды сақтай отырып, прокурор белгілеген, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды беруге міндетті.

Прокурор мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Адам өмірі, денсаулығы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделері, қоғам мен мемлекет мүдделері үшін орны тоғмас зардапты, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жайпай бұзылуын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнетін қатерді болғызбау мақсатында сұратылатын ақпарат, құжаттар мен өзге де материалдар дереу беріледі.

5. Прокурордың талап етуі бойынша органдар, ұйымдар және лауазымды адамдар тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандар болуға міндетті.

6. Прокурор өзінің іс жүргізуіндегі материалдардың, актілердің, сот істерінің және жолданымдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктеме бермейді. Материалдарды танысу үшін біреуге ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Іс жүргізуінде жатқан прокурордың рұқсатынсыз заңдылықтың сақталуын тексеру мен істердің материалдарын жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

7. Жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, күшіне енген актілерді бағалау, қаралатын жолданымдар шеңберінде прокурордың талап етуі бойынша өзі белгілеген уақытта жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың өзге де өкілдері түсініктемелер беру үшін келуге міндетті.

8. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, дағдарыстық ахуал немесе осындай жағдайлар кезінде алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар туынданған жағдайларды қоспағанда, прокуратура органдарына шақыру уақтылы келу үшін жеткілікті мерзімдерде хабарлама (хабархат) жіберу арқылы жүргізіледі.

9. Хабарлама (хабархат) телефоновармамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық пошта мекеңжайы бойынша мәтіндік хабармен, телеграммамен немесе оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі. 10. Шақырылған адам шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін себептер туралы шақырған прокурорды алдын ала хабардар етуге міндетті.

11. Жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, мекемелердің және меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың өзге де өкілдері дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда Бас Прокурордың, оның орынбасарларының, ведомство және оның аумақтық органдары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлардың, олардың орынбасарларының, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың, олардың орынбасарларының уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін.

12. Прокурордың күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) туралы қаулысын ішкі істер органы орындайды.

13. Күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) түнгі уақытта жүргізіледі.

14. Он төрт жасқа дейінгі кемелетке толмағандар және он сегіз жасқа толмаған адамдар олардың заңды өкілі хабардар етілмей, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруы тиіс денсаулық жағдайына байланысты өзінің болуымен оларын тастап кете алмайтын немесе тастап кетпеуге тиісті адамдар күштеп әкелінуге жатпайды.

15. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талап етуі бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

27-бап. Прокуратура органдарының жауапкершілігі

1. Прокурорлар өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің әрекеттерімен келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеледі.

4-тарау. ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӨНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНДАҒЫ АЛҚАЛАР. НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

28-бап. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру

1. Құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңестерінің шешімдерін қатысушы мемлекеттік органдар бірлескен, ведомстволық құқықтық актілер шығару және (немесе) тиісті іс-шараларды жүзеге асыру арқылы іске асырады.

3. Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

29-бап. Прокуратураның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі өзара іс-қимылы

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында прокуратура:

1) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, мекемелермен, олардың лауазымды адамдарымен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдармен;

2) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілімен өзара іс-қимыл жасайды және оның қызметіне жәрдем көрсетеді.

2. Прокуратура органдарының шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылы қылмыстық-құқықтық ынтымақстық шеңберінде, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді қылмыстық процестен тиз қайтару мәселелері бойынша мемлекет мүдделерін білдіру шеңберінде жүзеге асырылады.

30-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар

1. Прокуратура органдарында алқалар құрылады.

2. Алқа жұмысының регламентін, оның құрамын прокуратура органдарының бірінші басшылары айқындайды.

3. Алқа отырыстарында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың, прокуратура органдары бірінші басшыларының қалауы бойынша мүдделі адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды талап ететін, заңдылықты бұзушылықтардың анықталуына байланысты өзге де мәселелер қаралады.

4. Алқаның шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және бағынысты прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады.

31-бап. Нормашығармашылық қызметке қатысу Прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында:

1) өз құзыреті шегінде уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді;

2) прокуратураның құзыреті мен функцияларын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісеі;

3) нормашығармашылық қызметте Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.

5-тарау. ПРОКУРАТУРА АКТИЛЕРІ

32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі

1. Прокуратура актілерінің жүйесін мыналар құрайды:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, санкция, нұсқау, ұсыну, қаулы;

2) прокурорлық ден қою актілері: өтінішхат, арыз (талап қою), жолданым, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтін туралы түсіндірме;

3) прокуратура органдарының ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және басқалар.

2. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу, жолданымдарды қарау және осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды орындау нәтижелері бойынша енгізіледі және олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті.

3. Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісінше қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылық жасаған адамдарды жауаптылыққа тарту мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен осы акт бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

33-бап. Назарылық

1. Прокурор Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін заңды күшіне енген актілерге, мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды және өзге де уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіреді.

2. Назарылық заңсыз акт, шешім қабылдаған мемлекеттік органға, мекемеге, ұйымға, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық осындай тәртіппен білдіріледі.

3. Прокурордың наразылығы күнтізбелік он күн ішінде тиісті органның немесе лауазымды адамның қарауына жатады.

Прокурор наразылық бойынша шешім дайындау және қабылдау қажеттілігіне қарай оны қараудың өзге де мерзімін, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзім белгілеуге құқылы.

Назарылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Назарылық қаралғанға дейін оны келтірген не жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын уақыты мен орны туралы прокурорды хабардар етуге міндетті.

4. Назарылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекетін (әрекетсіздігін) тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

5. Назарылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, әскери

және көлік прокуратуралары органдарының басшылары, облыстық және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар наразылық білдірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғары аудиторлық палатаның актілері (жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша) прокурорлардың наразылық білдіруіне жатпайды.

7. Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру негіздері, тәртібі, мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалады.

34-бап. Санкция (келісім)

1. Прокурор заңда белгіленген жағдайларда құқықты шектейтін сипаттағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға санкция (келісім) береді.

2. Санкцияны (келісімді) не оны беруден бас тартуды прокурор санкция (келісім) сұратуға негіз болған материалдар зерделенгеннен кейін лауазымды адамның қаулысына бұрыштама және қол қойып ресімдейді. Санкция (келісім) беруден бас тартылған жағдайда оның себептері мен негіздері көрсетіледі.

3. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, осы бапта көрсетілген әрекеттерге санкция (келісім) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да қаулаандырылуы мүмкін.

35-бап. Нұсқау

1. Прокурор:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру;

2) жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеру жүргізу;

4) атқарушылық іс жүргізу;

5) жазаларды орындау;

6) прокуратураның талап етуі бойынша жүргізілетін тексерулер;

7) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де мәселелер бойынша жазбаша нұсқаулар береді.

2. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген нұсқаулары орындау үшін міндетті.

36-бап. Ұсыну

1. Прокурор өз құзыреті шегінде:

1) заңдылықтың бұзылуын жою туралы;

2) қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізеді.

2. Ұсыну онда көрсетілген заңдылықтың бұзылуын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып, лауазымды адамның немесе органның – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны тоғмас зардаптың басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде қарауына жатады.

Прокурор ұсыну қаралған кезде қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам прокурорды ұсынылуды қаралатын уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге тиіс.

Ұсынды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде прокуратураға хабарланады.

37-бап. Қаулы

1. Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жағдайларда;

2) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;

3) жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы;

4) жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы;

5) актінің қолданысын тоқтата тұру туралы;

6) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы;

7) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ олардың лауазымды және өзге де адамдары негізгі жүзеге асыратын тыйым салу не шектеу сипатындағы әрекеттер мен шаралардың күшін жою туралы;

8) күзетпен ұсталатын, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ проба-сына қызметтерінің есебіне алынған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесінің органдары қолданған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жою туралы;

9) лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы;

10) сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы;

11) прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындату туралы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қаулы шығарады.

2. Прокурордың қаулысы онда белгіленген мерзімдерде міндетті түрде орындалуға жатады. Қаулыға шағым жасау оның қолданысын тоқтата тұрмайды.

38-бап. Өтінішхат

Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.

39-бап. Арыз (талап қою)

1. Прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

40-бап. Үндеу

Бас Прокурор және оның орынбасарлары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген (республика



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«1-бап. Осы Конституциялық заңмен реттелетін қатынастар

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын кері шақырып алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді және Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.»;

2) 3-бапта:

1-тармақтағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін» деген сөздер «аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін (бұдан әрі осы Конституциялық заңның мәтіні бойынша – әкімдерді)» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде шетелдің араласуына жол берілмейді.»;

3) 4-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бәсең сайлау құқығы – Қазақстан Республикасы азаматтарының Президент, Парламент, мәслихат депутаты, әкім немесе өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі болып сайлану құқығы;»

4-тармақтың 2) тармақшасындағы «, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша» деген сөздер алып тасталсын және «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін» деген сөздер «әкім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-баптың 1-тармағындағы «партиялық тізімдер бойынша сайланатын» деген сөздер алып тасталсын және «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін» деген сөздер «әкімдерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 6-баптағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін» деген сөздер «әкімдерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 8-баптағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Сайлау жүйесірі

1. Президентті, Парламент Сенатының депутаттарын сайлау кезінде мынадай:

дауыс беруге қатысқан сайлаушылар (таңдаушылар) дауысының елу пайызынан астамын жинаған; кайта дауыс беру кезінде басқа кандидатпен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

2. Парламент Мәжілісінің депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.

3. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша – депутаттардың жартысы, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша екінші жартысы сайланады.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттары мандатарының саны тақ болған жағдайда, жартысынан асатын мандат бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланады.

4. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілігін жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

5. Әкімді сайлау кезінде басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілігін жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

6. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі дауыс берген кандидаттар сайланды деп есептеледі.»;

8) 10-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) округтік сайлау комиссиялары;»;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық және округтік сайлау комиссияларын – Орталық сайлау комиссиясы, ал мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын және учаскелік сайлау комиссияларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары құрады;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөліктен толықтырылсын:

«Егер бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтердің шекаралары әкімшілік аумақтық бірліктердің шекараларымен тұспа-тұс келсе, округтік сайлау комиссиялары құрылмайды, олардың өкілеттіктерін аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөліктен толықтырылсын:

«Аумақтық сайлау комиссияларының мәслихаттар сайлайтын мүшелері Орталық сайлау комиссиясы бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

9) 11-баптың 4-1-тармағындағы «сондай-ақ материалдық-техникалық қамтамасыз ету» деген сөздер «материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру, үйлестіру және қамтамасыз ету, сайлауды ұйымдастырушыларды және сайлау процесіне

басқа да қатысушыларды үйрету» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша сайлау округтерін құрады және олардың шекараларын белгілейді, бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау округтерінің тізімін және олардың шекаралары туралы мәліметтерді жариялайды;»;

5) тармақша «сайлау жөніндегі» деген сөздерден кейін «, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Парламент Мәжілісінің депутаттарын кері шақырып алу жөніндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшада:

«Президентті және» деген сөздерден кейін «партиялық тізімдер бойынша» деген сөздермен толықтырылсын; «Парламент Сенатының» деген сөздер «Парламент Сенатының депутаттарын, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін», «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер тіісіңше «әкімді», «әкім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы «шығарады» деген сөз «жариялайды» деген сөзбен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

16) тармақша «әкімшілік-аумақтық» деген сөздердің алдынан «жана сайланымды қалыптастыру кезінде» деген сөздермен толықтырылсын;

16-6) тармақшадағы «бұқаралық ақпарат құралдары арқылы» деген сөздер алып тасталсын және «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің» деген сөздер «әкімнің» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 16-10), 16-11), 16-12) және 16-13) тармақшалармен толықтырылсын:

«16-10) жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16-11) жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын республикалық қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асырады;

16-12) сайлауға, референдумға дайындық және оны өткізу кезеңінде сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және олардың қызметіне қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16-13) аумақтық сайлау комиссияларының мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;»;

11) 13-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы және 4-тармағындағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің», «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер тіісіңше «әкімнің», «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 14-бапта:

2) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-2) бастамашының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған депутаттарды кері шақырып алу жөніндегі өтінішін тіркейді;

2-3) шығып қалғандардың орнына сайлау округтері бойынша мәслихаттардың депутаттарын сайлауды тағайындайды;»;

3) тармақта:

«төмен тұрған аумақтық» деген сөздерден кейін «, округтік» деген сөзбен толықтырылсын; «ұсынады;» деген сөзден кейін «округтік және» деген сөздермен толықтырылсын; «бақылайды;» деген сөзден кейін «округтік және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) округтік сайлау комиссияларынан тиісті мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамалар алады және округтік сайлау комиссияларының тіркелген кандидаттардың тізімдерін жариялауын қамтамасыз етеді;»;

6) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) партиялық тізімдер бойынша мәслихаттардың депутаттарын, әкімдерді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерінің мәтінін белгілейді және мәслихаттардың депутаттарын, әкімдерді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерінің дайындалуын, сондай-ақ сайлау бюллетеньдерінің округтік, учаскелік сайлау комиссияларына жеткізілуін қамтамасыз етеді;»;

8) тармақша «партиялардың» деген сөзден кейін «және кандидаттардың» деген сөздермен толықтырылсын;

8-1) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін», «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінен» деген сөздер тіісіңше «әкімдерді», «әкім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) тармақшада:

«аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын; «Сенаттың» деген сөз «Парламент Сенатының және мәслихаттардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-2) және 11-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-2) жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын өңірлік және жергілікті қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асырады;

11-3) егер бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтердің шекаралары әкімшілік аумақтық бірліктердің шекараларымен тұспа-тұс келсе, округтік сайлау комиссияларының өкілеттіктерін жүзеге асырады;»;

13) мынадай мазмұндағы 15-1 және 16-1-баптармен толықтырылсын:

«15-1-бап. Округтік сайлау комиссиялары

1. Округтік сайлау комиссиялары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

2. Округтік сайлау комиссияларының құрамы бес мүшелден тұрады.

3. Округтік сайлау комиссияларының құрамы осы Конституциялық заңның 13-2-тарауына сәйкес кері шақырып алу рәсіміне бастама жасалған жағдайда, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін не дауыс

беру тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.»;

«16-1-бап. Округтік сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Округтік сайлау комиссиясы:

1) тиісті сайлау округінің аумағында сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауды өткізуді ұйымдастырады;

3) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын қайта сайлауды және шығып қалғандардың орнына сайлауды өткізеді;

4) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған бюллетеньнің мәтінін белгілейді;

5) учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуын бақылайды; учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігінің) арыздар мен шағымдарды қарайды;

6) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, кандидаттарды тіркеу туралы хабарларды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

7) сайлау округінің аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сайлауға дайындыққа және оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының сайлау туралы заңнаманың сақталуы мәселелері жөніндегі ақпараттың тыңдауға құқылы;

8) учаскелік сайлау комиссияларынан дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар алады;

9) жоғары тұрған сайлау комиссиясына сайлау округі бойынша дауыс беру нәтижелерін беруді қамтамасыз етеді;

10) осы Конституциялық заңның 13-2-тарауына сәйкес кері шақырып алу рәсіміне бастама жасалған жағдайда дауыс берудің өткізілуін ұйымдастырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өклеттіктерді жүзеге асырады.»;

14) 17-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасындағы «он бір» деген сөздер «тоғыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 18-баптың 1) тармақшасындағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 19-бапта:

2-1-тармақ үшінші абзацындағы «адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.» деген сөздер «адис» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар тарапынан қаржыландырылатын саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің ұсынысы негізінде ұсынылған және (немесе) сайланған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы, мүшелері, оның аппаратының қызметкерлері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, олардың орынбасарлары, хатшылары, мүшелері, сондай-ақ өзге де аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, орынбасарлары мен хатшылары өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады.

Өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссиялары мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасына сәйкес белгіленеді.

Өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, педагогтік, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға құқылы емес.»;

8-тармақтағы «шығып қалған комиссия мүшесінің орнына» деген сөздер «, қажет болған жағдайда» деген сөздермен ауыстырылып, «сайлағанға дейін» сөздерден кейін «бос орынға» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 20-бапта:

2-тармақ 3) тармақшасындағы «отырыстарын тиісті», «кешіктірмей шақырады.» деген сөздер тіісіңше «отырыстарын – тиісті», «кешіктірмей;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) округтік сайлау комиссияларының отырыстарын аумағында сайлау округі орналасқан аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары олардың құрамы қалыптастырылғаннан кейін жеті күн мерзімнен кешіктірмей шақырады.»;

8-тармақта:

«бір-бір өкілден» деген сөздерден кейін «, әрбір телеарнадан үшеуден аспайтын өкіл» деген сөздермен толықтырылсын;

«қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан» деген сөздер «аккредиттелген қоғамдық бірлестігінен, коммерциялық емес ұйымынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың бірінші бөлігі «Аумақтық.» деген сөзден кейін «округтік.» деген сөзбен толықтырылсын;

12-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері» деген сөздер «әкімдер» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімінен» деген сөздер «әкім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 20-1-бапта:

тақырып «өзге де» деген сөздерден кейін «аккредиттелген» деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Саяси партиялардан, сондай-ақ өзге де аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден, коммерциялық емес ұйымдардан Қазақстан Республикасының азаматтары байқаушылар ретінде жіберіледі.

Байқаушының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжат көрсетпеген болса) көрсетіле отырып, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушының жіберген ұйымның мөрімен куәландырылады және байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды

болады. Құжаттар байқаушы туралы деректерді есепке алу журналына енгізу арқылы оны тіркеу үшін сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды аккред



(Жалғасы. Басы 1, 24-беттерде)

Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға үгіт материалдарын жариялау үшін шарттык негізде «эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді.

Онлайн-платформаларды пайдаланушылар тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға үгіт материалдарын жариялау үшін шарттык негізде ақпарат көлемін береді.

Үгіт материалдарын жариялау үшін шарттың талап-тары қайсыбір кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге тиіс.

Шарттык негізде ұсынылған үгіт материалдарын орналастыру ақысының мөлшері, шарттары туралы мәліметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралы, онлайн-платформаны пайдаланушы сайлау алдындағы үгітті жүргізу басталардан кемінде бес күн бұрын хабарлауға және жариялауға, сондай-ақ олар Президентті және партиялық тізімдер бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде – Орталық сайлау комиссиясына, Парламент Сенаты, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын, мәслихаттар депутаттарын, әкімдерді және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде өзге де аумақтық сайлау комиссияларына ұсынылуға тиіс.

Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында үгіт материалдарын орналастыру ақысының мөлшері, шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары, онлайн-платформаларды пайдаланушылар ұсынған мәліметтер орналастырылады. Шарттык негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын және ақпарат көлемін беретін бұқаралық ақпарат құралдары, онлайн-платформаны пайдаланушылар үгіт материалдарын орналастыру ақысының мөлшері, шарттары туралы мәліметтер жарияланғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың үгіт материалдарын орналастыруды, таратуды жүзеге асыра алмайды.

Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгітіне байланысты мерзімді баспасөз басылымының таралымы барлық кандидаттар, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар үшін бірдей болуға тиіс.

Кандидаттардың, партиялық тізімді ұсынған саяси партияның біріне бұқаралық ақпарат құралы, онлайн-платформаны пайдаланушы шарттык негізде үгіт материалдарын орналастыруға берген келісім басқа кандидаттарға, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға үгіт материалдарын орналастыруға келісім беру болып табылады.

Кандидаттардың және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына, онлайн-платформаларға шығу кезектілігі жазбаша жолданымдардың келіп түсу ретімен не егер жолданымдар бір мезгілде келіп түссе, жербе бойынша белгіленеді.

Кандидаттардың және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар өкілдерінің телевизия мен радиоада сойлеп жатқан сөздерін болтуге және сойлеген сөздерінен кейін іле-шала, сондай-ақ баспасөз басылымдарындағы сөздерінен кейін сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады.»;

«5. Тиісті сайлау комиссиялары партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттарға плакаттар, ұнапарактар, ұрандар мен өзге де үгіт материалдарын басып шығару үшін бірдей сомада ақша бөледі. Барлық үгіт материалдарында осы материалдардың шығарған ұйым (баста материалдары бойынша – олардың басылған жері және таралымы), тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан ақысы төленгені туралы мәліметтер болуға тиіс. Үгіт материалдарын Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Егер онлайн-платформаларды пайдаланушылар үгіт материалдарын шарттык негізде дайындаса, онлайн-платформаларға қатысты осы тармақтың талаптары қолданылады.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі «құралдарына» деген сөзден кейін «, онлайн-платформаларға» деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақта: бірінші бөліктегі «Сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал салу нәтижелерін жариялаған кезде бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөздер «Бұқаралық ақпарат құралдары, онлайн-платформалар сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал салу нәтижелерін жариялаған кезде» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «Интернет желісінде» деген сөздер «бұқаралық ақпарат құралдарында, онлайн-платформаларда» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 29-баптың бірінші бөлігіндегі «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне» деген сөздер «ақім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 33-бапта: 1-1-тармақтағы «Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін» деген сөздер «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне» деген сөздер «Әкімдерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 5) тармақшасындағы «Парламент Сенатының» деген сөздер «Парламенттің» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі 2), 3), 4) және 5) тармақшаларындағы және екінші бөлігіндегі «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне», «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдеріне», «Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне» деген сөздер тиісінше «ақім болуға», «ақім болуға», «Әкім болуға» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын: «2-2. Сайлауға, референдумға дайындық және оны өткізу кезеңінде сайлауға, референдумға дайындыққа және оны өткізуге арналған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты сатып алуға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

Сайлауға, референдумға дайындық және оны өткізу кезеңінде сайлауға, референдумға дайындыққа және оны өткізуге арналған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты сатып алу Орталық сайлау комиссиясы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

27) 34-бапта:

1-тармақтағы «Президентті және Парламент» деген сөздер «Президентті, Парламент депутаттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 9-тармактар мынадай редакцияда жазылсын: «4. Сайлау қорларына заңды қосым алынған қаражат қана жұмсалыу мүмкін. Қорға түскен жалпы ақша сомасы мен ерікті қайырмалдыктардың сомасы, оның көзі және сайлау алдындағы үгітке жұмсалған шығыстар туралы ақпаратты сайлау қорығындылары жарияланғаннан кейін бес күн ішінде:

Президент, Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы кезінде – Орталық сайлау комиссиясы;

Парламент Сенаты депутаттарының сайлауы кезінде – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың сайлау комиссиялары;

мәслихаттар депутаттарының сайлауы кезінде аумақтық сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.»;

«9. Сайлау науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған сайлау қорының ақшалай қаражатының үштен екісі

республикалық бюджетке жіберіледі, ал үштен бірі кандидатқа, саяси партияға қайтарылады.»;

28) 38 және 39-баптардың 1-тармақтарындағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 40-бапта:

1-тармақтағы «партиялық тізім бойынша сайланатын» деген сөздер алып тасталсын және «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөнінде» деген сөздер «сайлау бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 43-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары» деген сөздер «Парламент Мәжілісі» деген сөздермен ауыстырылсын және «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын» деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттары» деген сөздер алып тасталсын;

7-1-тармақтағы және 9-тармақтың бірінші бөлігіндегі «және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттары» және «, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттары» деген сөздер алып тасталсын;

31) 44-бапта:

2-тармақтағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтың 3) тармақшасында:

«аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «ақімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

«төрт» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Орталық (аумақтық) сайлау комиссиясының хабарында мыналар көрсетіледі: сайлау датасы, сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; сайлау округтерінің жалпы саны; дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны; есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылардың саны; дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны; сайлауға қатысқан саяси партиялардың саны; қайта дауыс беру өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер (сайлау округтері) саны; Президенттікке, Парламент Сенаты депутаттығына, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттары, әкім, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, олардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмыс түрі), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай, оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының хабарларындағы деректер сайлау округтері бойынша ұсынылады.»;

32) 45-бапта: тақырыптағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін» деген сөздер «әкімді» деген сөзбен ауыстырылсын;

«аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін», «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне» деген сөздер тиісінше «әкімдерді», «әкімнің» деген сөзбен ауыстырылсын;

33) 46-бапта: тақырыптағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің» деген сөздер «әкімнің» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы «Бұқаралық ақпарат құралдарында тізімдер жарияланғаннан кейін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы» деген сөздер «Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздермен, 1) тармақшасындағы «мәслихаттар депутаттарына» деген сөздер «мәслихаттар депутаттарының тізімі жарияланғаннан кейін» деген сөздермен ауыстырылсын және 2) тармақшадағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдеріне, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне», «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің» деген сөздер тиісінше «әкімдерді», өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің тізімі жарияланғаннан кейін», «әкімнің» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 47-баптың 1 және 2-тармақтарындағы «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне» деген сөздер «аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне» деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 50-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы «құралдары» деген сөзден кейін «, сондай-ақ онлайн-платформалар» деген сөздермен толықтырылсын;

36) 50-5-баптың 5-тармағының екінші және үшінші бөліктері «аты-жөнін», «атауын» деген сөздерден кейін «немесе «Бәріне қарсымын» деген жолды» деген сөздермен толықтырылсын;

37) 51-баптағы және 51-1-баптың 2-тармағындағы «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

38) 53-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

39) 54-баптың 1-тармағындағы «Белсенді» деген сөз алып тасталсын;

40) 56-баптың 7-тармағындағы «паспорт қызметі қызметкерлерін» деген сөздер «құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 58-баптың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке тұлғаның ерікті қайырмалдыктарының шекті мөлшері жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен бір жүз еседен және Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының ерікті қайырмалдыктарының шекті мөлшері жиынтығында бес жүз еседен аспауға тиіс.»;

42) 59-баптың 7-тармағы бірінші бөлігі 3) тармақшасының бесінші абзацындағы «, сайлау күні не соның алдындағы күні» деген сөздер алып тасталсын;

43) 60-баптың 2-тармағындағы «тіркеуге дейін және тіркеуден» деген сөздер «дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейін және одан» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 68-бапта: тақырыптағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтардағы «Кеңес», «Кеңеске» деген сөздер тиісінше «Сот», «Сотқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

45) 69-баптың 3-тармағында: бірінші бөліктегі «Осы баптың 1-тармағының 2)-тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Республика Президенті бір мезгілде Парламент өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдай отырып әрі Парламент өкілеттігін тоқтатқан күннен бастап екі айдың ішінде тағайындайды» деген сөздер «Парламенттің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда депутаттарды сайлауды Республика Президенті Парламенттің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаумен бір мезгілде тағайындайды және ол Парламенттің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Парламент Сенатында өкілдігі жоқ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік құрылған жағдайда, депутаттарды сайлауды Президент әкімшілік-аумақтық бірлік құрылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей тағайындайды және ол сайлау тағайындалған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.»;

46) 70-баптағы «Белсенді» деген сөз алып тасталсын;

47) 72-баптың 6-тармағындағы «паспорт қызметінің қызметкерлерін» деген сөздер «құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 73-баптың 6-тармағы бірінші бөлігі 3) тармақшасының бесінші абзацындағы «, сайлау күні не соның алдындағы күні» деген сөздер алып тасталсын;

49) 74-баптың 2-тармағы «(мәслихаттар)» деген сөзден кейін «дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда» деген сөздермен толықтырылсын;

50) 75-баптың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке тұлғаның ерікті қайырмалдыктарының шекті мөлшері жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен жиырма бес еседен және Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының ерікті қайырмалдыктарының шекті мөлшері жиынтығында елу еседен аспауға тиіс.»;

51) 77-бапта: 4-тармақтағы «мәслихатының хатшысы» деген сөз «мәслихаттың төрағасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «хатшысының» деген сөз «төрағасының» деген сөзбен ауыстырылсын;

52) 84-бапта: тақырыптағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтардағы «Кеңес», «Кеңеске» деген сөздер тиісінше «Сот», «Сотқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

53) 85-баптың 3-1-тармағы алып тасталсын;

54) 86-баптағы «Белсенді» деген сөз алып тасталсын;

55) 87-бапта: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Мәжілісінің депутаттығына: 1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарыгда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Біртұтас жалпұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайлау үшін партиялық тізімге енгізілген адам бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылуға құқылы емес.»;

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсыну және өзін-өзі ұсыну дауыс беру күнінен алпыс күн бұрын басталады және сайлауға қырық күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуына азаматтар тиісті округтік сайлау комиссиясына осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру арқылы жүргізіледі.

Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидаттың ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына азаматтың ұсынуға келісімі туралы өтінішімен бірге, жоғары басшы орган хаттамасынан үзінді көшірмені, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені жіберу арқылы жүргізіледі.

Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі (филиалы мен өкілдігі) осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табымайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік және оның құрылымдық бөлімшесі (филиалы мен өкілдігі) әрбір сайлау округінде Парламент Мәжілісінің депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы шешім қағамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) жоғары басшы органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысмен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен және құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмемен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша депутаттыққа екеуден аз кандидат ұсынылған болса, онда тиісті округтік сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін бес күннен аспайтын мерзімге ұзартлады.»;

56) 88-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына әрбір кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституциямен және осы Конституциялық заңмен өзіне қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының шотына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақының он бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Енгізілген жарна, егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинаса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда, кандидатқа қайтарылады. Барлық басқа жағдайларда енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне айналдырылады.»;

57) 89-бапта: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеуді – Орталық сайлау комиссиясы, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.»;

2-тармақта: екінші бөлікте: «Саяси партия ұсынған кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын;

«тізім» деген сөзден кейін «және кандидат» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі «Саяси партия ұсынған кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын қурауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен, олардың құрылымдық бөлімшелерінен (филиалдары мен өкілдіктерінен) кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде

**(Жалғасы. Басы 1, 25-беттерде)**

Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат тиісті округтік сайлау комиссиясына жазбаша өтінішпен жүгіне отырып, өз кандидаттарасын кері қайтарып ала алады.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат дауыс беретін күнге екі күн қалғанда өз кандидаттарасын ала алмайды.

Саяси партияның және қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) басшы органы дауыс беретін күнге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркелгенге дейінгі және одан кейінгі кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсынумен жүгіне отырып, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат ұсыну туралы өз шешімінің күшін жой алады.

Мұндай жағдайларда округтік сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуді жүргізбейді не кандидатты тіркеу туралы шешімінің күшін жояды.;

2-тармақ алып тасталсын;

59) 92-1-бапта:

тақырыптағы «Саяси партиялардың» деген сөздер «Саяси партияның, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке тұлғаның ерікті қайырмалдықтарының шекті мөлшерлері жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен жүз еседен және Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының ерікті қайырмалдықтарының шекті мөлшерлері жиынтығында бес жүз еседен аспауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Кандидаттың сайлау қоры:

1) кандидаттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен екі жүз еседен аспауға тиісті өз қаражатынан;

2) Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен бес жүз еседен аспауға тиісті қайырмалдықтарынан құралады.

Жеке тұлғаның ерікті қайырмалдықтарының шекті мөлшерлері жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен жиырма бес еседен және Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының ерікті қайырмалдықтарының шекті мөлшерлері жиынтығында елу еседен аспауға тиіс.»;

60) 93-1-бап алып тасталсын;

61) мынадай мазмұндағы 93–2-баппен толықтырылсын: «93–2-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну

1. Тиісті сайлау округі бойынша тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін барлық кандидаттар шығып қалған жағдайда Орталық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша өз қаулысымен сайлау мерзімін ұзартпай, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

2. Бұл жағдайда Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну осы Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады.;

62) 94-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«94-бап. Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауда дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық немесе округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

2. Учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде тиісті аумақтық немесе округтік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды және ол дауыс берілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

3. Сайлау нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының отырысында тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде анықталады.

4. Дауыстарды санаудың нәтижесі мен сайлау нәтижесін айқындауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлігінде белгіленген қағидаларға сәйкес шешіледі.»;

63) 94-1-бап алып тасталсын;

64) 95-бапта:

1-тармақта:

«аумақтық сайлау» деген сөздер «аумақтық немесе округтік сайлау» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бірліктегі», «бірлікте» деген сөздерден кейін тиісінше «немесе сайлау округіндегі», «немесе сайлау округінде» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

«мерзімде» деген сөзден кейін «, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде» деген сөздермен толықтырылсын;

«партиялық тізімдер» деген сөздерден кейін «және сол кандидаттар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Егер сайлау бюллетеніне Парламент Мәжілісінің депутаттығына екеуден көп кандидат енгізілсе және олардың бірде-біреуі сайланбаса, округтік сайлау комиссиясы ең көп бірдей дауыс санын алған кандидаттар бойынша депутатты сайлау жөнінде қайта дауыс беруді тағайындайды. Егер кандидаттаралардың шығып қалуы нәтижесінде бір кандидат қалса, оның кандидаттарасы бойынша қайта дауыс беру өткізілмейді және ол сайланды деп есептеледі.»;

65) 96-бапта:

1-тармақта:

«партиялық тізімдер бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

«жарамсыз деп танылған болса» деген сөздерден кейін «не екі кандидат дауысқа түскен кезде олар сайланбай қалса» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

66) 97-баптың 1-тармағындағы «жеті» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

67) 97-1-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Депутаттық мандаттарды бөлген кезде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектің бір адамдардың саны жиынтығында, партия алған депутаттық мандаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.»;

68) 100-бапта:

тақырыптағы «Кенестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтардағы «Кенес», «Кенеске» деген сөздер тиісінше «Сот», «Сотқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот Конституцияны бұзу анықталған әкімшілік-аумақтық бірліктердің немесе сайлау округтерінің аумақтарындағы Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауды Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің немесе сайлау округтерінің аумағындағы сайлауды жарамсыз деп тану және қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.»;

4-тармақ алып тасталсын;

69) 101-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «сайлауды тағайындау үшін негіз болатын табылады.» деген сөздер «сайлауды» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) депутат өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы не мандаттан айырылу шығып қалғандардың орнына депутаттарды сайлауды тағайындауға негіз болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттарын сайлауды тиісті сайлау комиссиясы тағайындайды.

Шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттарын сайлау наурыздың соңғы жексенбісінде және (немесе) қазанның соңғы жексенбісінде бір мезгілде өткізіледі.

Шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттарын сайлауды тиісті сайлау комиссиясы Орталық сайлау комиссиясымен келісу бойынша басқа күнге тағайындауы мүмкін.»;

70) 103-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәслихаттар депутаттығына:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.»;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 5-1-тармақтармен толықтырылсын:

«3-1. Саяси партиядан мәслихат депутаттығына сайлау үшін партиялық тізімге енгізілген адам бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылуға құқылы емес.»;

«5-1. Мәслихат депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуын азаматтар тиісті округтік сайлау комиссиясына осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру арқылы жүргізеді.

Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) кандидатты ұсынуы тиісті округтік сайлау комиссиясына азаматтың ұсынуға келісімі туралы өтінішімен бірге, жоғары басшы органның хаттамасынан үзінді көшірмені, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені жіберу арқылы жүргізіледі.

Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі (филиалы мен өкілдігі) осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері болып табылмайтын адамдарды кандидаттар ретінде ұсынуға құқылы. Саяси партияларды қоспағанда, қоғамдық бірлестік және оның құрылымдық бөлімшесі (филиалы мен өкілдігі) әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) жоғары басшы органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмесімен ресімделеді. Қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен және құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмесімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну және өзін-өзі ұсыну дауыс беру күнінен алпыс күн бұрын басталады және сайлау күніне отыз күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.

8. Егер тиісті сайлау округі бойынша партиялық тізімдерді немесе кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күнге екеуден аз партиялық тізім немесе кандидат тіркелген болса, тиісті сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартпайды.»;

71) 104-бапта;

тақырыптағы «кандидаттардың партиялық тізімдерін» деген сөздер «кандидаттарды» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституциясымен және осы Конституциялық заңмен қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шотына депозит ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Енгізілген жарна, егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат мәслихат депутаты болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес пайызын жинаса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда, кандидатқа қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне айналдырылады.»;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

«Партиялық тізімге енгізілген кандидат» деген сөздер «Кандидат» деген сөзбен ауыстырылсын;

«кірістер мен мүлік» деген сөздер «активтер мен міндеттемелер» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктердегі «кірістер мен мүлік», «кірістері мен мүлік» деген сөздер тиісінше «активтер мен міндеттемелер», «активтері мен міндеттемелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 5) тармақшасындағы «кірістер мен мүлік» деген сөздер «активтер мен міндеттемелер» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен, олардың құрылымдық бөлімшелерінен (филиалдары мен өкілдіктерінен) кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) ұсыну құқығын растайтын жарғыдан үзінді көшірмені, саяси партияның, қоғамдық бірлестікті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу, құрылымдық бөлімшелерді (филиалдар мен өкілдіктерді) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеу туралы құжаттың көшірмесін коса бере отырып, саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) жоғары басшы органының тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың өзін ұсынған саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен осы сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат.

Кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда оны тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) осы сайлау округі бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш;

2) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

3) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамасы;

4) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат.

Мәслихат депутаттығына кандидаттардың кез келген санын тіркеуге жол беріледі.

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

5. Тиісті сайлау комиссиясы мәслихат депутаттығына партиялық тізімдерді және кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды, ол бес күн мерзімде жоғары тұрған немесе аумақтық сайлау комиссиясына ұсынылады.»;

6-тармақта:

1) тармақшада:

«бұқаралық» деген сөз «жергілікті бұқаралық» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жесінің атын» деген сөздерден кейін «(егер ол жеке басын куәландыратын құжатқа көрсетілген болса)» деген сөздермен толықтырылсын;

«(жұмысын)» деген сөз «(жұмыс түрін)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшаның үшінші абзацындағы «, сайлау күні не оның алдындағы күні» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшада:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі декларация тапсыру кезінде анықталған.»;

бесінші абзацтағы «, сайлау күні не оның алдындағы күні» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Округтік сайлау комиссиясы:

1) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың тегін, атын, жесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатқа көрсетілген болса), туған жылын, атқаратын лауазымын (жұмыс түрін), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, кандидатты тіркеу туралы хабар жариялайды;

2) тіркеу кезінде бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды тиісті куәлік береді;

3) мынадай жағдайларда:

саяси партия, қоғамдық бірлестік, олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері), кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеуге қажетті құжаттарды ұсынбаған;

саяси партия, қоғамдық бірлестік, олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері), олар ұсынған кандидаттар, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттар, сондай-ақ сенім білдірілген адамдар тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін сайлау алдындағы үгітті жүргізген;

сот саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің), кандидаттың және (немесе) сенім білдірілген адамдардың басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;

сот саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің), олар ұсынған кандидаттардың, өзін-өзі ұсыну тәртібімен кандидаттардың, сондай-ақ сенім білдірілген адамдардың сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

кандидат Конституциямен және осы Конституциялық заңмен өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызметтік жағдайын пайдаланған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімінің күшін жояды;

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі декларация тапсыру кезінде анықталған жағдайда, кандидатты тіркеу туралы шешімінің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімінің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Партиялық тізімді, кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімінің күшін жоюға жеті күн мерзімде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партия, қоғамдық бірлестік олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімінің күші жойылған жағдайда, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия, қоғамдық бірлестік, олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) де шағым жасай алады. Бұл ретте жоғары тұрған сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.»;

8-тармақта:

«тізімдерді» деген сөзден кейін «, кандидаттарды» деген сөзбен толықтырылсын;

«сайлау күнінен екі ай бұрын басталады және оған» деген сөздер «дауыс беру күнінен алпыс күн бұрын басталады және сайлау күніне» деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 105-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат өз кандидаттарасын кері қайтарып ала алады, бұл туралы тиісті округтік сайлау комиссиясына жазбаша өтінішпен жүгінеді.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Саяси партияның, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) басшы органы дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кез келген уақытта тиісті сайлау комиссиясына мәслихат депутаттығына кандидатты партиялық тізімінен шығару не кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жою туралы тиісті ұсынумен жүгіне алады.

Қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) басшы органы дауыс беруге дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кез келген уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсынумен жүгіне отырып, мәслихат депутаттығына кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жой алады.

**(Жалғасы. Басы 1, 24-26-беттерде)**

5. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау өткізілетін күнге отыз күн қалғанда және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.

6. Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге әкім болуға екеуден аз кандидат ұсынылса, онда тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін үш күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Бұл ретте, ұсынылған кандидаттар болмаған не ұсыну мерзімі аяқталатын күнге бір кандидат ұсынылған жағдайда, жоғары тұрған әкім тиісінше екі не бір кандидатты ұсынуға құқылы.

113-4-бап. Әкім болуға кандидатты қолдап қол жинау

1. Әкім болуға кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, тиісті сайлау округінің дауыс беруге құқығы бар сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз даусымен қолдау табуға тиіс.

2. Сайлаушылардың қолдауы олардың қолын жинаумен куәландырылады.

3. Кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және кандидаттың осы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде, тиісті аумақтық сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді.

4. Қол қою парақтары тиісті аумақтық сайлау комиссиясына тіркеу кезеңі аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

5. Әрбір қол қою парағының реттік нөмірі болуға және онда кандидат пен қол жинайтын адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатқа көрсетілген болса), кандидаттың жеке қолы, сондай-ақ өз қолын қоятын сайлаушылар туралы мынадай мәліметтер қамтылған бағандар болуға тиіс:

1) тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатқа көрсетілген болса);

2) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы;

3) туған күні, айы және жылы;

4) тұрғылықты жерінің мекенжайы;

5) жеке қолы.

6. Қол жинайтын адам қол жинау кезінде тиісті қол қою парағында жеке қолы тұратын кандидаттың сенім білдірілген адамын тіркеу туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

7. Қол қою парағының үлгісін Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

8. Толтырылған қол қою парақтары тиісті аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылады, ол үш күн мерзімде құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер және жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып, жиналған қолдардың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және тиісті хаттаманы ресімдейді.

9. Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру осы баптың 1-тармағына сәйкес әкім болуға кандидатқа қажетті көлемдегі қолдардың дұрыстығы анықталғанға дейін жүргізіледі.

113-5-бап. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу

1. Кандидаттарды тіркеуді тиісті аумақтық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

2. Саяси партия ұсынған кандидатты қоспағанда, кандидат өз қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың шотына сайлау жарнасын:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі болуға кандидаттар үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен жалақының бес еселенген мөлшерінде;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болуға кандидаттар үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен жалақының бір еселенген мөлшерінде;

Кандидатты ұсынған саяси партия өз қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың шотына әрбір ұсынылған кандидат үшін сайлау жарнасын:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі болуға кандидаттар үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен жалақының бес еселенген мөлшерінде;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болуға кандидаттар үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен жалақының бір еселенген мөлшерінде енгізеді.

Енгізілген жарна, егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат әкім болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес пайызын жинаса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда, кандидатқа немесе саяси партияға қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және жергілікті бюджет кірісіне айналдырылады.

3. Тіркеуленген дейін кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылыққа жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және нысанда, ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік кірістер органдарына ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын мемлекеттік кірістер органдары кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте, кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтерді ұсынуы туралы мемлекеттік кірістер органдарының талабын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап үш күн ішінде беруге міндетті.

4. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы құжаттар тіркеуге келіп түскен кезден бастап кандидаттың құжаттарын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына арнайы тексеру жүргізу үшін жібереді.

Арнайы тексерудің нәтижелерін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары аудандық (қалалық) сайлау комиссиясынан құжаттарды алған кезден бастап отыз күн ішінде аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына ұсынады.

Бұл ретте, арнайы тексеру барысында Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтерді ұсыну туралы талабын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап үш күн ішінде беруге міндетті.

5. Саяси партия ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:

1) саяси партияны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, осы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басын органы отырысының кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары;

5) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) адамның саяси партияға мүшелігін растайтын құжат;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

6. Кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда оны тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:

1) азаматтың әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсу ниеті туралы өтініші;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік сайлаушыларының кандидатты қолдап қойған қолдарын тексеру нәтижелері туралы тиісті аумақтық сайлау комиссиясының хаттамасы;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

7. Жоғары тұрған әкім осы Конституциялық заңның 113-3-бабы 6-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:

1) жоғары тұрған әкімнің ұсынуы;

2) азаматтың әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кіретін азаматтарға арнайы тексеру жүргізуге қажетті құжаттар.

8. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды.

9. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды тіркегеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатқа көрсетілген болса), туған жылын, атқаратын лауазымын (жұмыс түрін), жұмыс орыны мен тұрғылықты жерінің мекенжайын, ұсынылу тәсілін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай, оның саяси партияға қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабар жариялайды.

10. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді.

11. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

1) кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеуге қажетті құжаттарды ұсынбаған;

2) кандидат осы Конституциялық заңмен, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

3) кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызметтік жағдайын пайдаланған;

4) кандидат, сондай-ақ кандидатты ұсынатын саяси партия тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін сайлау алдындағы үгітті жүргізген;

5) сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;

6) сот кандидаттың және оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

7) арнайы тексерудің теріс нәтижелері алынған жағдайларда;

8) осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда, кандидатты тіркеуден бас тартуды немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюды.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі декларация тапсыру кезінде анықталған жағдайда, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюды.

12. Дауыс беру күніне екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

13. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға кандидаттарды ұсынған саяси партия, жоғары тұрған әкім немесе кандидат үш күн мерзімде тиісті облыстық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасай алады. Шағым бойынша шешімді сот немесе жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясы шағым берілген күннен бастап үш күн мерзімде шығарады.

14. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, кандидатты тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауды өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауды өткізілетін күнге жиырма күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.

113-6-бап. Әкім болуға кандидаттараны алып тастау, кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Әкім болуға кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, тіркелген күннен бастап және дауыс беру күніне екі күн қалған кезеңде өз кандидатурасын алып тастай алады, бұл туралы тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Саяси партия немесе жоғары тұрған әкім ұсынған әкім болуға кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беру күніне екі күн қалған кезеңде өз кандидатурасын алып тастай алады, бұл туралы тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жазбаша өтінішпен жүгінеді және кандидатты ұсынған саяси партияның тиісті филиалын (өкілдігін) немесе жоғары тұрған әкімді хабарлар етеді.

2. Кандидатты ұсынған саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басын органы немесе жоғары тұрған әкім тіркеуге екі күн қалғанда кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады, бұл туралы кандидатқа хабарлайды және кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою туралы өтінішті тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жібереді, ол осының негізінде кандидатты тіркеуді жүргізбейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюды.

113-7-бап. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін ұсыну

1. Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күнге әкім болуға екеуден аз кандидат тіркелген жағдайда, тиісті аумақтық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол он бес күннен аспауға тиіс.

2. Егер тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде тиісті сайлау округі бойынша әкім болуға екеуден аз кандидат қалған жағдайда, тиісті аумақтық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол он бес күннен аспауға тиіс.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген жағдайларда, кандидаттарды ұсыну осы Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады.

113-8-бап. Әкімді сайлау кезінде дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жеткізіледі.

2. Дауыстарды санау нәтижесін айқындауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлігінде белгіленген қағидаларға сәйкес шешіледі.

113-9-бап. Әкімді қайталама сайлау

1. Егер сайлау жарамсыз деп танылса, аумақтық сайлау комиссиясы қайталама сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

2. Егер кандидаттар ең көп бірдей дауыс санын жинаса, аумақтық сайлау комиссиясы қайталама сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

3. Қайталама сайлау бастапқы сайлаудан кейін бір ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Дауыс беру сол сайлау учаскелерінде және бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған сайлаушылардың сол тізімі бойынша жүргізіледі.

Қайталама сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген сайлау іс-шаралары осы Конституциялық заңға сәйкес аумақтық сайлау комиссиясы айқындайтын мерзімдерде өткізіледі.

113-10-бап. Әкімді сайлаудың қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Сайлау қорытындылары учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде тиісті аумақтық сайлау комиссиясының отырысында сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей анықталады.

Сайлау қорытындылары туралы хаттама жасалады, оған тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Кандидат әкім болып сайланды деп есептеледі.

3. Сайлау қорытындыларын анықтау мен жариялаудың өзге де мәселелері осы Конституциялық заңның Жалпы бөлігінде белгіленген қағидаларға сәйкес шешіледі.

113-11-бап. Әкімді тіркеу

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімдерді учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде, сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде тіркейді.

2. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау кезінде не сайлау нәтижелерін айқындау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алса, учаскелік сайлау комиссиясының ұсынуы немесе азаматтардың жолданымдары бойынша әкімді сайлауды жарамсыз деп тани алады және әкімді тіркеуден бас тарту алады. Бұл ретте, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне кандидаттар шешім қабылданған күнінен бастап бес күн ішінде сотқа не жоғары тұрған сайлау комиссиясына шағым жасай алады, олар бес күн мерзімде шешім қабылдайды.»;

80) мынадай мазмұндағы 13-2-тарумен толықтырылсын: «13-2-тару. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын кері шақырып алу

113-12-бап. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алуға бастама жасау

1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу үшін бастама жасауға сайлаушылардың сенімін жоғалту, оның ішінде сайлау алдындағы бағдарламаны орындамауға байланысты сенімін жоғалту негіз болып табылады.

2. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алуға бастама жасау депутат жұмыс істеген бірінші жыл және соңғы жыл ішінде қолданыла алмайды.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алуға қайта бастама жасауды депутаттың мандаты сақталатын, дауыс беру қорытындылары жарияланған кезден бастап бір жыл өткенге дейін қолдануға болмайды.

3. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алуға бастама жасау құқығы тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округінің сайлаушыларына тиесілі.

113-13-бап. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алуға бастама жасау және бастамашы топты қалыптастыру тәртібі

1. Тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округінің сайлаушысы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу туралы өтінішпен тиісті аумақтық сайлау комиссиясына осындай кері шақырып алуға бастама жасау негіздерін баяндай отырып, жүгінеді.

2. Сайлау комиссиясы өтінішті осы Конституциялық заңның 113-14-бабының және осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарап шығып, бастамашыны және жоғары тұрған комиссияны өтінішті тіркеу не тіркеуден бас тарту туралы үш күннен кешіктірмей хабарлар етеді.

Өтінішті тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бас тарту бойынша сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Аумақтық сайлау комиссиясы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу бойынша қол жинау үшін қол қою парақтарын өзінің интернет-ресурсында орналастырады, олардың нысанын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

113-14-бап. Қол жинау тәртібі мен мерзімдері

1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу үшін азаматтардың қолын жинауды бастамашы тиісті аумақтық сайлау комиссиясында өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұйымдастырады.

2. Қол жинау мерзімі аяқталғаннан кейін:

1) қойылған қолдар саны тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының он пайызынан астам болған кезде бастамашы қол қою парақтарын тиісті сайлау комиссиясына ұсынады;

2) қойылған қолдар саны тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының он пайызына жетпеген не тиісті сайлау комиссияларына қол қою парақтары ұсынылмаған кезде тиісті сайлау комиссиясы қол қою парақтарын жарамсыз деп тани, бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу жөніндегі қызметті тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Тиісті сайлау комиссиялары құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып, қол қою парақтарындағы осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі азаматтары қолының және тұрғылықты жерінің дұрыстығын он күн ішінде тексереді.

3. Әрбір азамат қол қою парағына тек бір рет қана қол қоюға құқылы. Азаматтың қолы оның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатқа көрсетілген болса), тіркеу орны, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және паракқа қол қою күні толық көрсетіле отырып толықтырылады.

4. Белгіленбеген үлгідегі қол қою парақтары жарамсыз болып табылады.

Осы баптың талаптары бұзыла отырып толтырылған қол қою парақтары дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

113-15-бап. Дауыс беруді өткізу тәртібі мен мерзімдері

1. Тиісті сайлау комиссиясы ұсынылған қол қою парақтары осы Конституциялық заңның 113-14-бабының талаптарына сәйкес келген кезде дұрыстығын тексеру мерзімі өткен соң бір күннен кешіктірмей, бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу бойынша дауыс беруді өткізу туралы хабарлама жібереді.

3. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу бойынша дауыс беру – дауыс беруді тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

4. Тиісті сайлау комиссиясы дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданған кезден бастап бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатқа және оны кері шақырып алу бастамашысына:



(Соңы. Басы 1, 24-27-беттерде)

көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік даусымен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаса, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

3. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоюға құқылы. Бұл мәселе бойынша дауысқа салу сенім білдіру туралы мәселе қойылған кезден бастап кемінде қырық сегіз сағаттан соң өткізіледі. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс әр Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

«Жыл» деген уақыт кезеңі деп осы тармаққа қатысты алғанда ағымдағы жылды (1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы) түсінген жөн.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар, конституциялық заңдардың жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен енгізілген заңдардың жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында қаралады.»

9) 19-баптың 2-тармағындағы «Сенаты» деген сөз алып тасталсын;

10) 20-бапта:

2-тармақтағы «заң бойынша Парламент бұрын қабылдаған шешімді растамайтын болса», «заң бойынша бұрын қабылданған шешімді растайтын болса» деген сөздер тиісінше «Президенттің қарсылығын еңсермесе», «Президенттің қарсылығын еңсерсе» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер Республика Президентінің қарсылығы Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға енгізілген болса, онда Парламент қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде Палаталардың бірлескен отырысында Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әр Палата депутаттары жалпы санының төрттен үш көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.»

11) 22-баптың 1 және 2-1-тармақтарындағы «Ұлттық Банк Төрағасын», «Ұлттық Банкі Төрағасын» деген сөздер тиісінше «Конституциялық Соты Төрағасын, Ұлттық Банкі Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын», «Конституциялық Соты Төрағасын, Ұлттық Банкі Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 23-1-баптың 1-тармағында:

«Конституциялық Кеңестің екі мүшесін» деген сөздер «Конституциялық Соттың үш судьясын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 24-баптың 4 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Партиялық тізім бойынша сайланған Парламент Мәжілісі депутаты саяси партияның басшы органының шешімімен кері шақырылып алынған жағдайда, оның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.»

7. Парламент Мәжілісінің депутаты өз мандатынан:

1) конституциялық заңға сәйкес өзі партиялық тізім негізінде сайланған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес өзі партиялық тізім негізінде сайланған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты сайлаушылар конституциялық заңда айқындаған тәртіппен кері шақырып алған кезде айырылады.»

14) 27-бапта:

2-тармақтағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы мен мүшелерінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен мүшелеріне, облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 3-баптың 2) тармақшасы «қағидаттарын» деген сөзден кейін «, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды деген ережені» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 14-баптың 7-тармағындағы «паспорт қызметінің қызметшілерін» деген сөздер «құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 28-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

4) белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар, оларда сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.»;

4) 32-бапта:

тақырыптағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

1, 2 және 3-тармақтардағы «Кеңес», «Кеңеске» деген сөздер тиісінше «Сот», «Сотқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

4. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларын Республика Үкіметі өз жауапкершілігімен қабылдауға құқылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады.»

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулылары Үкімет мүшелері жалпы санының үштен екісінің даусымен қабылданады.»

4-тармақ «қабылданған» деген сөзден кейін «Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларының» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулылары «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ Республика Үкіметінің актілерінде айқындалатын тәртіппен әзірленеді және қабылданады.»

2) 19-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «Кеңеспен» деген сөз «Сотпен» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 22-баптың 2-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Ведомстволар, департаменттер және басқармалар министрліктің құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Үкімет құрамына кіретін құқық қорғау органдары үшін, мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ескеріле отырып, қызметтер құруға жол беріледі.

Министрліктің құрылымын және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді министр бекітеді.

Министрлік қызметтерінің, департаменттері мен басқармаларының жиынтығы оның аппараты болып табылады.»

5. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 3-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлігінде:

«Конституциялық Кеңес мүшелерінің» деген сөздер «Конституциялық Сот судьяларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бұрынғы Президенттерінің» деген сөздер «экс-Президенттерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

2) 4-бапта:

1 және 1-1-тармақтардағы «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

Президент ант берген кезден бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаратын жақын туыстары Қазақстан Республикасының Президенті ант берген кезден бастап бір ай ішінде отставкаға беруге не атқаратын лауазымын босатуға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары деп:

ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, сондай-ақ жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, балаларының жұбайы (зайыбы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілерінің (қарындастарының) балалары түсініледі.»;

4) 9-бапта:

2) тармақшадағы «Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын тағайындайды» деген сөздер «Сенаттың он депутатын тағайындайды, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада:

«Сенаты» деген сөз алып тасталсын;

«Конституциялық» деген сөзден кейін «53-бабының 1-2) тармақшасында және» деген сөздермен толықтырылсын;

«бұрын қабылданған шешімді растайтын болса» деген сөздер «Президенттің қарсылығын еңсерсе» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-бапта:

тақырыптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы «Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен екі мүшесін» деген сөздер «Парламент Сенатының келісімімен Конституциялық Соттың Төрағасын және Конституциялық Соттың төрт судьясын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1-1) Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Конституциялық Сот судьяларының арасынан Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын тағайындайды.»;

2) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Республика Президентінің Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына қатысты өкілеттіктері

Республика Президенті:

1) Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға құқылы;

2) Жоғары аудиторлық палата туралы ережені бекітеді;

3) тоқсанына кемінде бір рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының жұмысы туралы ақпаратын тыңдайды.»;

7) 17-бапта:

1) тармақшадағы «тісінше облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының» деген сөздер «тісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) өз қалауы бойынша, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне тиісті мәслихаттар өз депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сенімсіздік білдірген жағдайда, оларды лауазымынан босатуға құқылы.»;

8) 19-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

7) тармақшадағы «Республика Мемлекеттік хатшысын» деген сөздер «Республиканың Мемлекеттік кеңесшісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) Парламент Сенатының келісімімен Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын тағайындайды.»;

9) 33-бапта:

1-тармақтағы «Жоғары Сот Кеңесі», деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

1) және 2) тармақшадағы «, Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы «, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының есептері» деген сөздер алып тасталсын;

10) 34-бапта:

тақырыптағы «бұрынғы Президенттерінің» деген сөздер «экс-Президенттерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Жоғары Сот Кеңесі

Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.»

7. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 4-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

«Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

«хатшының» деген сөз «кеңесшінің» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын; «жергілікті соттары төрағаларының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада:

«Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының сот мәжілісі залдарында» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің отырыс залдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

«Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

«Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

«хатшының» деген сөз «кеңесшінің» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттары төрағаларының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

«хатшының» деген сөз «кеңесшінің» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының сот мәжілісі залдарында» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің отырыс залдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

«Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

«Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының сот мәжілісі залдарында» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің отырыс залдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

«Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

«Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

«жергілікті соттарының» деген сөздерден кейін «Жоғары Сот Кеңесінің» деген сөздермен толықтырылсын;



(Жалғасы. Басы 1, 28-29-беттерде)

1-тармақтағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақтың бірінші абзацындағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-1-тармақтағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
4-тармақтағы «хатшысының» деген сөз «төрағасының» деген сөзбен ауыстырылсын;
5-тармақтағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
6-тармақтағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
10) 19-1-бапта:
3-тармақтағы «хатшысының» деген сөз «төрағасының» деген сөзбен ауыстырылсын;
5-тармақтағы «хатшысының» деген сөз «төрағасының» деген сөзбен ауыстырылсын;
11) 20-бапта:
3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-3) тармақшамен толықтырылсын:
«3-3) партиялық тізім бойынша сайланған мәслихат депутаты саяси партия филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімі бойынша кері шақырып алынасы»;
4-1-тармақтағы «және 3-2)» деген сөздер «, 3-2) және 3-3)» деген сөздермен ауыстырылсын;
12) 21-бапта:
1-тармақтың 1) тармақшасындағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтың 6) тармақшасындағы «хатшысына» деген сөз «төрағасына» деген сөзбен ауыстырылсын;
2-1-тармақ алып тасталсын;
13) 21-2-баптың 1-тармағындағы «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
14) 23-1-бапта:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
«23-1-бап. Мәслихат депутаттарының әкімдер лауазымына тағайындауға келісім беру тәртібі»;
4-тармақ алып тасталсын;
15) 24-бапта:
1-тармақтағы «тінісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына» деген сөздер «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты, тінісінше, Қазақстан Республикасы Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына» деген сөздермен ауыстырылсын;
4-тармақтағы «хатшысына» деген сөз «төрағасына» деген сөзбен ауыстырылсын;
16) 24-1-бапта:
7-тармақтың бірінші бөлігіндегі «мәслихаттың хатшысы» деген сөздер «мәслихаттың төрағасы» деген сөздермен ауыстырылсын;
8-тармақта:
үшінші бөліктегі «мәслихаттың хатшысы» деген сөздер «мәслихаттың төрағасы» деген сөздермен ауыстырылсын;
алтыншы бөліктегі «хатшысы» деген сөз «төрағасы» деген сөзбен ауыстырылсын;
17) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қазақстан Республикасының Президенті облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімін, тінісінше, облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті айқын-дайтын тәртіппен лауазымға тағайындайды»;
18) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«32-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін лауазымға сайлау, қызметінен босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі
1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес лауазымға сайланады.
Бір адам аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.
Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.
2. Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі өкілеттік мерзімі өткен соң, сондай-ақ:
1) әкім қайтыс болған, әкімді әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі, хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
2) өзін ұсынған саяси партия қайта ұйымдастырылған және таратылған жағдайларды қоспағанда, саяси партияға мүшелігі тоқтатылған;
3) жоғары тұрған әкім аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты білдірген сенімсіздік вотумын қабылдаған;
4) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
5) тиісті аумақтық сайлау комиссиясы жаңадан сайланған әкімді тіркеген жағдайларда;
6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
Сайланған аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өз өкілеттігі кезеңінде зейнеткерлік жасқа толуы оның өкілеттігін тоқтатуға негіз болып табылмайды.
3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігі осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы шешім қабылдайды, онда әкімнің өкілеттігін тоқтатуға алып келетін негіздердің басталу фактісі көрсетіледі және облыс әкіміне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынуды енгізу туралы шешім қабылданады.
Тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы негізінде облыс әкімі тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өкілеттігін тоқтатады»;
19) мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:
«32-1-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін:
1) осы Заңда белгіленген тәртіппен тінісінше облыстық маңызы бар қала және аудан мәслихатының келісімімен облыс әкімі лауазымға тағайындайды;
2) облыс әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады.
32-2 бап. Облыстық маңызы бар қаладағы аудан, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аудан әкімін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату және оның өкілеттігін тоқтату тәртібі
1. Облыстық маңызы бар қаладағы аудан әкімін:
1) осы Заңда белгіленген тәртіппен облыстық маңызы бар қала мәслихатының келісімімен облыстық маңызы бар қала әкімі лауазымға тағайындайды;
2) облыстық маңызы бар қала әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады.
2. Республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аудан әкімін:
1) осы Заңда белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының келісімімен республикалық маңызы бар қала және астана әкімі лауазымға тағайындайды;
2) республикалық маңызы бар қала және астана әкімі оның өкілеттігін тоқтатады және лауазымынан босатады»;
20) 36-бапта:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес лауазымға сайланады»;
3-тармақ алып тасталсын;
5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,

ауылдық округ әкімінің өз өкілеттігі кезеңінде зейнеткерлік жасқа толуы оның өкілеттігін тоқтатуға негіз болып табылмайды»;
6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;
21) мынадай мазмұндағы 36-2-бапмен толықтырылсын:
«36-2-бап. Сайланатын әкімдердің кандидаттарына қойылатын талаптар
Әкімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы осы Заңның және Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасының талаптарына сай келетін, жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды»;
22) 37-баптың 8-тармағындағы «Президенті» деген сөз алып тасталсын.
26. «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:
1) 6-бапта:
1-тармақтағы «бір мың» деген сөздер «жеті жүз» деген сөздермен ауыстырылсын;
6-тармақтың бірінші абзацындағы «екі айдың» деген сөздер «үш айдың» деген сөздермен ауыстырылсын;
9-тармақтың 1) тармақшасындағы «алты» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;
2) 8-бапта:
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттардың Төрағасы мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері, ескери қызметшілер саяси партияларда болмауға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс.
Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, ескери қызметшілерді қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар тағайындалған, сайланған, қызметке кірген күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан шығуға тиіс»;
мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:
«3-1. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс. Халыққа ант беру кезінде Қазақстан Республикасының Президенті саяси партияда тұрған жағдайда, ол ант берген күннен бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс»;
8-тармақта:
бірінші бөлік «қабылдану» деген сөзден кейін «, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіру» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктегі «Әскери қызметке кірген» деген сөздер «Әскери қызметке қабылданған немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кірген» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) 9-баптың 1-тармағында:
8) тармақшадағы «, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне» деген сөздер алып тасталсын;
4) 10-бапта:
3-тармақтағы «алты» деген сөз «он екі» деген сөздермен ауыстырылсын;
6-тармақта:
«алты жүз» деген сөздер «екі жүз» деген сөздермен ауыстырылсын;
«жырма» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;
5) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«3) Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттаралар ұсынуға құқылы.
Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары бөлініп шығу немесе бөліну арқылы өзгерген жағдайда, саяси партия: мәслихат болған мандаттарды ескере отырып, қайта ұйымдастырылған мәслихат депутаттарының дербес құрамын;
тіркелген партиялық тізімге енгізілген кандидаттарды бөледі»;
6) 15-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Саяси партия Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін біктікен кезде оларға үш санат өкілдерін: әйелдерді, жастарды, мүгедектігі бар адамдарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді.
2. Саяси партия мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін біктікен кезде оларға әйелдерді және жастарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді»;
7) 16-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) тиісті мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдері, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттары депутаттығына кандидаттар ұсынылады»;
27. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» - 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:
8-тармаудағы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл», «Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің», «Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздер тінісінше «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл», «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің», «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен ауыстырылсын.
28. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:
19-баптың 3-тармағы кестесінің 16-жолының 2-бағанындағы «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзбен ауыстырылсын.
29. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:
1) кіріспедегі «принциптерін, құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласында статистикалық қызметті жүзеге асырушы уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың» деген сөздер «ақидаттарын, уәкілетті орган мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 1-бапта:
2) тармақшадағы «ақпараттық дереккөрі» деген сөздер «электрондық ақпараттық ресурстары» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) тармақшада:
«статистикалық мақсатта пайдалану үшін» деген сөздер алып тасталсын;
«мәліметтер» деген сөз «құжатталған ақпарат» деген сөздермен ауыстырылсын;
4) тармақшадағы «ұсынылған нысанына қарамастан, ақпараттық есепке алу құжатында жазылған» деген сөздер алып тасталсын;
5) тармақша «оптикалық» деген сөзден кейін «, электрондық» деген сөзбен толықтырылсын;
7) тармақшадағы «сот ісін жүргізудің және» деген сөздер «және әкімшілік сот ісін жүргізудің, сондай-ақ» деген сөздермен ауыстырылсын;
7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«7-1) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің географиялық ақпараттық карталары – мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің нақты уақыт режимінде елді мекендердің географиялық

координаттарында құқықтық статистикалық ақпаратты визуализациялауды қамтамасыз ететін құрамдағы»;
8) тармақшадағы «қылмыстылықтың, қылмыстық сот ісін жүргізудің» деген сөздер «қылмыстық теріс қылық пен қылмыстылықтың, сотқа дейінгі іс жүргізуді тергеу-тексерудің, қылмыстық сот ісін жүргізудің, сондай-ақ» деген сөздермен ауыстырылсын;
13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға құқықтық статистикалық ақпарат беретін құқық қорғау, арнаулы, сот және өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, сондай-ақ адамдар»;
14) тармақшадағы «құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті» деген сөздер «мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:
«15) есептік-тіркеу тәртібі – құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің уәкілетті орган белгілеген өлшемшарттарға, шектерге, параметрлерге, көлемдерге және мерзімдерге сәйкес құқықтық статистикалық ақпаратты беруі»;
3) 2-баптың 1-тармағындағы «заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына» деген сөздер «заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына» деген сөздермен ауыстырылсын;
4) 6-бапта:
6), 8), 12-1) және 12-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді жүзеге асырады және (немесе) есепке алуды жүргізеді»;
«8) уәкілетті органның тапсырмаларын іске асыру шеңберінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды»;
«12-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және есепке алуды үйлестіреді»;
«12-3) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелер, құдық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алауы жүйесі операцияларының»;
ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету; пайдалануды, қолдан отыруды, дамытуды, мониторингті жүзеге асыру;
іріксіз және тиісінше жұмыс істеуді, сондай-ақ қорғауды қамтамасыз ету;
электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды және оларды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз ету бойынша функцияларын жүзеге асырады»;
12-4) тармақшадағы «құдық қорғау» деген сөздер «мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелердің, құдық қорғау» деген сөздермен ауыстырылсын;
12-5), 12-6) және 12-7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«12-5) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің географиялық ақпараттық карталарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді»;
12-6) тоқтатылған қылмыстық істерді қабылдауды, беруді, олармен танысуды, сақтауды және жоюды жүзеге асырады»;
12-7) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік бақылау актілерінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың нысандарын әзірлейді және бекітеді»;
мынадай мазмұндағы 12-9) және 12-10) және 12-11) тармақшалармен толықтырылсын:
«12-9) қылмыстық істерді тергеу-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеу және (немесе) есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіреді»;
12-10) жолданымдарды қарау бойынша операциялық бағалау жүргізеді»;
12-11) жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсетеді»;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Ведомство аумақтық органдармен және оларға теңестірілген органдармен өз қызметін уәкілетті органның құзыреті шегінде жүзеге асырады»;
5) 7-бапта:
тақырыптағы «Уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының» деген сөздер «Уәкілетті органның» деген сөздермен ауыстырылсын;
1-тармақта:
бірінші абзацта:
«мен оның аумақтық органдары» деген сөздер алып тасталсын;
орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді»;
2) тармақшада:
«сот және қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізу қызметіне араласпай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері» деген сөздер «құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырумен және арнайы есепке алуды жүргізумен байланысты емес қызметіне араласпай, олар» деген сөздермен ауыстырылсын;
«бақылау мен» деген сөздер алып тасталсын;
3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау, күшіне енген актілерге бағалау жүргізуге»;
4) тармақша алып тасталсын;
5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«5) уәкілетті орғанда тіркеуге жататын тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын тағайындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғандығы анықталған жағдайларда, оларды тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тартуға»;
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
«5-1) құқықтық статистикалық ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тәсілдермен қолжетімділік беруге»;
2-тармақта:
бірінші абзацта:
«мен оның аумақтық органдары» деген сөздер алып тасталсын;
орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді»;
6) тармақшадағы «мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын құпиялары бар» деген сөздер «мемлекеттік құпиялар мен дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын» деген сөздермен ауыстырылсын;
9) тармақшадағы «табыс етуді жүзеге асыруға міндетті» деген сөздер «ұсынууды» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауды жүзеге асыруға міндетті»;
6) 8-баптың 2-тармағында:
3) тармақшада:
«мемлекеттік құпияларды және» деген сөздер «мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және өзге де» деген сөздермен ауыстырылсын;
«сондай-ақ» деген сөзден кейін «мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелерден» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) уәкілетті орғанда тіркеуге жататын тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын тағайындау туралы актілерді тіркеуге міндетті»;
7) 9-баптың 1-тармағындағы «мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын құпиялары бар» деген сөздер «мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын» деген сөздермен ауыстырылсын;
8) 10-баптағы «және оның аумақтық органдары» деген сөздер алып тасталсын;
9) 11-баптағы «және оның аумақтық органдары» деген сөздер алып тасталсын;
10) 12-бапта:
3-тармақта:
1) тармақша «қылмыстық жауаптылыққа» деген сөздерден кейін «артылған және» деген сөздермен толықтырылсын;
3) тармақшадағы «жасырынған адамдарды» деген сөздермен «жасырынып жүрген іздеудегі адамдарды» деген сөздермен ауыстырылсын;
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) хабарсыз жоғалып кеткен іздеудегі адамдарды»;
6-1) тармақша алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:
«6-2) шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын»;
10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
